



Ақсу өңірі



Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

● №11-12 (10 215)

● 22 наурыз

● жұма

● 2024 жыл

● aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



Өз-Наурыз – жаңашылдық пен жасампаз рухтың жаршысы. Осы күндері Жер-ана қайта түлеп, тіршілік атаулы түгел жанданады. Тағылымы мол бұл мереке – жаңару мен жаңғырудың, адам мен табиғат арасындағы үндестіктің, келісім мен татулықтың алтын арқауы.

ҚАСЫМ - ЖОМАРТ КЕМЕЛЖҰЛЫ ТОҚАЕВ.

Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!

Аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлының мерекелік құттықтауы

Ұлы оң болсын, ақ мол болсын!

Аудандық мәслихат төрағасы Сүлейменов Бейбіт Жаңылысұлының мерекелік құттықтауы



Беріңізді көктемнің жарқын мерекесі Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын. Наурыз күні ойға алған барлық арман - мұраттарыңыз орындалып, үміттеріңіз ақталуға жазсын! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Ұлтымыздың мерейін есіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті – Наурыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, құт - береке, бақыт пен молшылық әкелсін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Ұлыс күнімен бірге Рамазан айы да қатар келіп отыр. Қос мерекеміз құтты болсын ағайын! Сіздерге деген шын жүректен бақыт пен құт - береке, бейбіт өмір тілектерімізді қабыл алыңыз. Біз әр күніміз өсу мен даму үшін мүмкіндік туғызатын, ырыс - берекеміз нығайған елде өмір сүріп отырмыз. Барлық игілікті істер табыспен аяқталып, жемісті еңбек тек қана қуаныш әкелсін.

Қазақстан Республикасында Наурыз мейрамы ресми мемлекеттік мереке болып саналады және оны тойлау әдетте ерекше ауқымда өтеді. Мерекеге орай Ақсу аудандық мәслихаты және мәслихат депутаттары атынан Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Ақтың молаятын, Жарықтың ұзаратын, Нұрдың мольғатын, Тіршіліктің жаңаратын, Өмірдің жаңғыратын, Пейілдің түзелетін,



Наурыз мейрамы барлық қазақстандықтар үшін жалпы халықтың сүйікті мерекесіне айналды. Көктемнің осы бір шағында табиғат қана түлеп қоймай, қоғамның ынтымағы мен бірлігін, бейбітшілігі мен түсіністігін нығайтатын адам баласының да жан - дүниесі жаңғыра түседі.

Наурыз – бұл тек көктемнің ғана емес, бұл ең әуелі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Адамдар бір - біріне деген өкпе - реніштерін ұмытып, кешірімге келіп, татуласып, табыса білген. Халқымыз мол дастарханын жайып, ақ жарқын көңілмен жүздесіп, дәм татысып, өткен - кеткеннен сыр тартып, барша адам баласына жақсылық, аманшылық тілеп, жастарға ақ баталарын берген.

Қазақстандағы жүздеген ұлт пен ұлыстардың өкілдері бір - бірімен тату-тәтті, берекелі өмір сүріп жатыр. Өз Наурыздың адам баласын ізгілік пен сыйластыққа, ынтымаққа тәрбиелейтін тереңнен тартар ежелгі қасиетін біз барлық қазақстандықтардың бойына дарытуға, оны өз өміріміздің салтына айналдыруға міндеттіміз.



Наурыз

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА
ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"АҚСУ ӨНІРІ" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Көңілдің кеңітін кезеңі - наурыз мейрамы құтты болсын!

Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс - тіршілігін табиғатанамен тығыз байланыстырған ауылшаруашылығына бейім ақсулықтар Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған.

Бүгін Өз Наурыз дүние есігін ашады. Тарих қойнауына тағы бір жылымыз жол тартып, тағы бір жыл табалдырықтан аттайды. Жаңа күн төңірекке нұр - шапағатын төгеді. Жер бетіне жақсылық ұялаған күнді қарсы алайық.

Наурыз мерекесі баршаңызға жаңа жетістіктер, молшылық пен татулық әкелсін. Ұлу жылы ел тыныш, туған жер аман болып, әр отбасында шат көңіл, бақыт және береке салтанат құрсун!

Біздің ақсулықтар үшін Наурыз – айырықша мейрам. Бұл күн қыстың аяқталып, барша еліміз жаңаша кейіпке енетін көктемнің келгенін білдіреді. Жаңару мен жасару күні Сіздерге бақ - береке, ырыс - ынтымақ әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, көркей берейік!

ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аса қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын! Құрметті мұсылман бауырлар, отандастар!

Баршамызды қасиетті Рамазан айына аман-есен жеткізген Алла Тағалаға сансыз шүкірлер болсын. Сіздерді берекелі Рамазан айының келуімен құттықтаймын!

Рамазан – он екі айдың сұлтаны, берекелі де кешірімді мол ай. Күнделікті тіршілік қамымен жүретін пенденің жүрегіне бұл айда иман нұры құйылады. Өйткені, ораза адамды тақуалыққа тәрбиелейді. Сабырлық, қайырымдылық, мейірімділік, бауырмалдық секілді адамдық асыл қасиеттер артып, иман күшейеді. Рамазан – Алланың мейірімі төгіліп, жұмақтың есігі айқара ашылатын, иманды күшейтуге мүмкіндік берілген қасиетті ай. Бұл – Жаратушы Иеміздің ұлы сыйы әрі нығметі. Рамазанның қадірін жақсы түсінген сахабалар оразаға алты ай қалған сәттен бастап: «Рабымыз, бізді Рамазан айына аман-есен жеткізе гөр!» – деп дұға еткен. Сауаптар еселеніп жазылатын айда жасалған қайырлы істің қайтарымы адам баласы үшін құпия - сыр. Тіпті ауыз бекіткен адамға берілетін сый мен сауап, құрмет пен марапат Пайғамбарлар мен періштелерге де беймәлім. Құдси хадисте Алла Тағала: «Ораза – тек Мен үшін. Оның сыйын (сауабын) Өзім ғана беремін...» – деп, оразаның қадірі мен қасиетін, мәні мен маңызын баяндаған.

Демек, шарапаты мен шапағаты мол айда сауап жинауға, ішкі дүниемізді тазартуға, Жаратушының разылығын алуға асыққан абзал. Пенденің осы айда ұстаған оразасы, Аллаға ұнамды барлық құлшылықтары, өзгелерге жасаған қайырымдылығы, сауапты амалдары еселеніп жазылады. Ораза – күндіз тек ішіп-жеуден өзін шектеу деген сөз емес. Ораза – рухтың азығы, тәннің шипасы. Рамазан жан мен тәнді рухани тазартатын, мұсылман үшін үлкен сабыр мектебі. Аузы берік

жандар өзіне дөрекілік көрсеткен кейбір кісілерге: «Мен оразамын», – деген бір ауыз сөзбен көркем мінездің керемет үлгісін көрсетеді. Нәпсісіне тоқтау салып, сабыр сақтайды. Ал, сабыр иесіне берілетін сый – жәннат.

Денсаулығына байланысты немесе көрлік жетіп ораза ұстауға шамасы жетпеген адамдар ауыз бекіткен кісілерге ауызашар берсе, ол да – үлкен сауап. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алла Тағала ең болмаса бір түйір құрма, тіпті бір ұрттам сумен болса да қамқорлық жасағанға сауап жазады...» – деген.

Мен осы ретте барша отандастарымды қасиетті айда жүзеге асатын қайырымдылық іс - шараларға үлес қосуға шақырамын. Кәсіпкерлерді әлеуметтік маңызы бар азық-түліктердің бағасына жеңілдік жасауға үндеймін. Қоғамдық тамақтану орындарында ауызашар мәзірін халыққа ыңғайлы бағамен ұсыну да – сауапты істің бірі. Дүкендерде күллі жамандықтың бастауы болған арақ - шарап сатылмаса деген тілегімізді жеткіземіз. Сонымен қатар барша халықтың ортақ игілігі үшін салынып жатқан жол, көпір, мектеп, мешіт, мед-ресе, балабақша, спорт кешені сынды маңызды ғимараттарға аз да болса үлес қосып, белсенділік танытуға шақырамын.

Рақым айы – Рамазан құтты болсын! Қасиетті айда ұстаған оразамыз, жасаған дұға - тілектеріміз, құлшылық-ғибадаттарымыз, әрбір қайырлы амалдарымыз қабыл болғай! Алла Тағала отбасымызға амандық, жұмысымызға береке нәсіп етпей! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекетіміздің мерейі әрқашан үстем болғай! Әмин!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,
Бас мүфти.

НАУРЫЗ - Қазақтың ежелгі мейрамы

Наурыз



АЙНАЛАҢНАН ЖАҢА КӨКТЕМ ЛЕБІ ЕСКЕН, БҰЛ КЕЗЕҢДЕ КҮН МЕНЕН ТҮН ТЕҢЕСКЕН. САН ҒАСЫРЛЫҚ АТА - БАБА САЛТЫНА, КӨПІР БОЛҒАН НАУРЫЗ ӨЗІҢ ЕМЕС ПЕ ЕҢ?!

(Мұхтар ШАХАНОВ.)

Наурыз мейрамы — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Тарихи тамыры тереңге бойлаған өз - Наурыз дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің іргесі сәгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келген.

Қазақстан халқы үшін Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ұлы мереке. Наурыз – көктемгі жаңарудың, махаббаттың, ақ пейіл мен татулықтың мерекесі. Ол – өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең.

Ақ ниетпен өткенге салауат айтып, ақ тілекпен жаңа Наурызды қарсы алайық! Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілейміз.

Наурыз мейрамы - көктем мейрамы және Орталық Азия халықтарының Жаңа жылы. Бұл мереке бірнеше мың жылдан бері аталып келеді. Парсыша «наурыз», бірінші айдың бірінші күні дегенді білдіреді. Бұл айды соғдалықтар «наусарыз», хорезмдіктер «наусарджи», армяндар «наварсарди», чуваштар «норас-ойахе» деп атаған. Қазақстанда кеңес заманында талай жылдар бойы діни мереке деп саналып, тыйым салынды. Соңғы рет 1926 жылы тойланған Наурыз мейрамы Қазақстанда 1990 жылдардың басында қайтадан ресми түрде атала бастады. 2001 жылы Наурыз мейрамы мемлекеттік мереке ретінде жарияланды.

Күн мен түннің теңеліп, жан-дүниені тірілкен, шаруаның бір малы екеу болып, арқа-басы кеңіп, аққа аузы тиген, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендірген Наурыз мерекесі Тәуелсіз еліміздің зор ықыласпен тойланатын нағыз халықтық сипаттағы салтанатына айналды. Наурыз мейрамы аясында міндетті түрде атқарылатын рәсімдер баршылық. Мәселен, наурыз көже дайындалады, апаларымыз қысқы соғымның өбден сүрленген қадірлі мүшелерін осы күні қазанға салады. Соғымға сойылған малдың басы немесе шекесі қосылып, қазы-қарта, жал-жая қазанға түседі. Ет сорпасына көже қайнатады. Оған тары, арпа, бидай, бұршақ, күріш сияқты жеті түрлі дән мен ақ қосады. Тұз бен суды қосқанда дәмнің саны тоғыз болуы тиіс. Түркі халқының ұғымында жеті мен тоғыз және қырық - аса киелі сандар. Сол себепті наурыз көже аса қасиетті тағам болып саналады. Оған қоса, ол - тоқшылық пен ырыс-құттың жоралғысы. Наурыз мерекесі жадыраған жазды қарсы алар көктемнің басы болғандықтан, оны қазақтар «Самарқанның көк тасы жібіген күн» деп те атайды. Бұл бүкіл табиғат ананың тоңы жібіп, жаны кіретін тіршілік басы дегенді білдіреді. Сондай-ақ, бұл күні көңілінде кірбіңі барлар татуласады, адамдар бір-бірінің үйіне кіріп, құтты болсын айтады, бұлақ көзін ашады, алдын ала үйін, ауласын кір-қоқыстан тазартады. Наурызды «жыл басы» деп танығанымен, оның барша болмысын, философиясын жыл алмасумен шектемейді. Осы күндері дүниеге келген сәбилерге Наурызбай, Наурызгүл сынды есімдер беріледі. Жер иесі - Қыдыр ата елді, үйді аралап, бақыт сыйлайды, бата береді деген сенім-наным және бар. Ұлы Абай айтқандай: «...ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыззнама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен».

Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алып, арықтарды тазалап, су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егуден бастайды. Бұл күн жер - жерде ат бәйгесі, көкпар тарту, қыз куу, палуандар күресі тектес ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылады. Наурыз мейрамында әркім жылы шырай сезіне бастап, сағынышты көрісулерімен, жалынды құшақтасуларымен жаңа жылды қарсы алады. Биыл елімізде мерекеге демалыс күндері жалғасып, қазақстандықтар Наурыз мейрамын бес күн бойы атап өтуде. Кеше еліміздің түкпір-түкпірінде Наурыз мейрамын атап өтудің мерекелік шаралары басталып та кетті.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Айсауле ЖАЙЛАУХАН,

Қапал ауылдық модельді кітапханасының кітапханашысы.



muftyat.kz

Рамазан Ораза кестесі

2024

Ғилми 1445 жыл

ЖАНСҮГІРОВ

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ ЖӘНЕ СӘУІР	ТАҢ (Сәуір білетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Дүйсенбі	11 Наурыз	04:41	05:59	11:55	15:57	17:46	19:04
2	Сейсенбі	12 Наурыз	04:39	05:57	11:55	15:58	17:47	19:05
3	Сәрсенбі	13 Наурыз	04:37	05:55	11:54	15:59	17:48	19:07
4	Бейсенбі	14 Наурыз	04:35	05:53	11:54	16:00	17:50	19:08
5	Жұма	15 Наурыз	04:33	05:51	11:54	16:01	17:51	19:09
6	Сенбі	16 Наурыз	04:31	05:49	11:54	16:02	17:52	19:11
7	Жексенбі	17 Наурыз	04:29	05:48	11:53	16:03	17:54	19:12
8	Дүйсенбі	18 Наурыз	04:27	05:46	11:53	16:04	17:55	19:14
9	Сейсенбі	19 Наурыз	04:25	05:44	11:53	16:05	17:56	19:15
10	Сәрсенбі	20 Наурыз	04:23	05:42	11:52	16:06	17:58	19:17
11	Бейсенбі	21 Наурыз	04:21	05:40	11:52	16:07	17:59	19:18
12	Жұма	22 Наурыз	04:19	05:38	11:52	16:08	18:00	19:19
13	Сенбі	23 Наурыз	04:17	05:36	11:51	16:09	18:02	19:21
14	Жексенбі	24 Наурыз	04:15	05:34	11:51	16:10	18:03	19:22
15	Дүйсенбі	25 Наурыз	04:13	05:32	11:51	16:11	18:04	19:24
16	Сейсенбі	26 Наурыз	04:11	05:30	11:51	16:12	18:05	19:25
17	Сәрсенбі	27 Наурыз	04:09	05:29	11:50	16:13	18:07	19:27
18	Бейсенбі	28 Наурыз	04:07	05:27	11:50	16:14	18:08	19:28
19	Жұма	29 Наурыз	04:05	05:25	11:50	16:15	18:09	19:30
20	Сенбі	30 Наурыз	04:03	05:23	11:49	16:16	18:11	19:31
21	Жексенбі	31 Наурыз	04:00	05:21	11:49	16:17	18:12	19:33
22	Дүйсенбі	1 Сәуір	03:58	05:19	11:49	16:18	18:13	19:34
23	Сейсенбі	2 Сәуір	03:56	05:17	11:48	16:19	18:15	19:36
24	Сәрсенбі	3 Сәуір	03:54	05:15	11:48	16:19	18:16	19:37
25	Бейсенбі	4 Сәуір	03:52	05:13	11:48	16:20	18:17	19:39
26	Жұма	5 Сәуір	03:50	05:12	11:48	16:21	18:18	19:40
27	Сенбі	6 Сәуір	03:48	05:10	11:47	16:22	18:20	19:42
28	Жексенбі	7 Сәуір	03:46	05:08	11:47	16:23	18:21	19:44
29	Дүйсенбі	8 Сәуір	03:43	05:06	11:47	16:24	18:22	19:45
30	Сейсенбі	9 Сәуір	03:41	05:04	11:46	16:25	18:24	19:47

ЕСКЕРТПЕ:

10 сәуір - Ораза айт.

Сәуір айының 5-інен 6-сына қараған түн қасиетті Қадір түні.

Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.

Ауызашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, Кешірімді Алла! Менің алдыңғы және кейінгі күнеларымды кешір!

Сақтық үшін сәресін 10 минут ерте жабу.

Пітір садақасы жан басына 640 теңге.

Пітір садақа және садақаны Kaspi.kz, Halyk Homebank, ForteBank, Банк Центр-Кредит, Astana-plat, Bereke Bank мобильді қосымшалары және Қазпошта арқылы аударуға болады.

ҚЫЗЫЛАҒАШ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Жаңа күнмен көрісу

Биыл ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы жаңа форматта тойланады. Наурыз мерекесінің бастауы, жаңа жылдың басы ретінде тойланатын Көрісу күні. Бұл мереке — күн мен түннің теңелген тұсында, қыстың бейнеті мен қиындығынан аман-есен шығып, халықтың Наурыз мерекесі алдында мәре-сәре болатын күн. Үлкен кіші бір-біріне, сәлем беріп, көрісіп, "жас құтты болсын", -деп амандасып, кәде-сыйларын тапсырады.

Жер бетіндегі тіршілік атаулы жаңаратын бұл кезеңді біздің халқымыз «Амал мерекесі» деп те атайды. Таң аралап атысымен, яғни Көрісу мерекесін асыға күткендер шаңырағында дастархан жаяды. Міндетті түрде бауырсақ пісіріп, тәтті мен дәмдісін үйіп қояды. Әр шаңырақтың жасы кішілері үлкендеріне сәлім беріп, көрісіп шығады.

«Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, көріскен халық бір-бірін «бір жасыңмен» деп құттықтайды. Ол бір жасқа есеюімен, осы жылға аман-есен жетуімен дегенді білдіреді.

Біреуден қарыз алған болса, қарызын осы күнге дейін иесіне беріп тастауға тырысады. Көрісу күнінің рәсімі бойынша ер адамдар құшақтасып, төс түйістіреді, әйелдер болса, құшақтасып, беттерінен сүйіп көріседі. Бұл күні ешкім ешкімге ренжімей, жайдары жүру керек.

14 наурыз күні Қызылағаш ауылдық модельді кітапхана кітапханашыларының ұйымдастыруымен "Жаңа күнмен көрісу" атты ашық есік күні өтті. Кітапханамызға ауыл қарттары, әжелер және кішкентай оқырмандарымыз келді. 14 наурыз - көрісу, қыстың қиындығынан шыққан халықтың бір-бірімен беттесуі жүздесуі, аман-саулығын білуі. Наурыздың да, Көрісудің де үлкен мейрам ретінде тойлануы үлкен заңдылық. Мереке құтты болсын!

Әсел ҚҰЛДЫБАЕВА,
Қызылағаш ауылдық модельді кітапхана кітапханашысы.

НАУРЫЗНАМА 14 наурыз

Көрісу күні – Амал мерекесі



Амал мерекесі – біздің ұлттық бауырмалдығымыз бен мейірімділігіміздің көрінісі

Қасым-Жомарт Тоқаев

ОЙТОҒАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

14 наурыз Амал мерекесі

Ойтоған ауылдық клуб қызметкерлері мен «Ақ әже» үйірмесі мүшелері, «Шежіре қарт - тәлім отауы» мүшесі ардагер қарт Қанат Досқалиев бастаған бір топ, ауыл мекемелерін аралап көрісу мерекесін тойлап қайтты.

«Амал» мерекесі, Сахараның көк тасы жібіген күн, қыстан аман есен шыққан ауыл үлкендері бір бірімен қауышып көрісіп, жылы лебіздер айтса, Қанат ата Көрісу мерекесіне мекемелерге арнап өзінің шығарған өлеңін оқып баталарын берді.

Әндетіп, жырлатып әр кездескен адаммен қауышқан ауыл үлкендері, құрт - ірімшік тәттілер алып, балаларға таратты. Мәре - сәре болған көпшілікті кешкі ауыз ашарға «Құлагер ауылы шақырды. Ойтоған ауылы бойынша дәстүрге айналған көрісу мерекесін насихаттау, жастарға ұрпаққа үлгі ретінде көше - көше болып жыл сайын атап өтеді.

Көрісу мерекесі биылғы жыл Рамазан айына тұспа тұс келуі кешкі ауызашарда жалғасын тапты. Аулаларын тап - таза мұнтаздай қылып, салт - дәстүрді ұстана қызылды - жасыл шапандарын жамылып, «Құлагер» ауылы ауызашарға барған көпшілікті зыр жүгіріп күтіп алды.

Үлкендері құшақтасып амандасып, жастары құман мен қолға су құйып, келіншектері сызыла шай құйып, ауыз ашқан үлкендер әндетіп жырлатып қайтты.

Көрісу мерекесіне әжелер қауымы дастархан жайып күтіп жатқан «Құлагер» ауылына сый - сияпаттарын ала барды.

«Батамен ел көгереді», -демекші ауыл ақсақалы Қанат атадан бата алған «Құлагер» ауылының тұрғындары да риза болып, қуыс үйден қу шықпа ырымын жасап, бір - бір орамалдарын тақты.

Э.РАХЫМБЕКҚЫЗЫ,
Ойтоған ауылдық клубының әдіскері.



Ұлыс оң болсын!

14 наурыз - Көрісу мейрамы, амал мерекесі. Көрісу күнінде халық қыстан аман - есен шыққанына қуанып, бір - бірімен қол алысады. Бұл күні барлық өкпе-реніш ұмытылып кешіріледі.

Амал күні қазағым көріседі, Көрісу, бұл көненің желісі еді. Жасың құтты болсын деп

жамырасып, Ақ ниетпен адал бол деліседі. Көріседі көңілдер жібісін деп, Көріседі тасысын ырысың деп. Көріседі көк мұзда жібісін деп, Көріседі оң болсын ырысың деп.

Таң сібірлеп атысымен, көрісу мерекесін асыға күтіп отырған әрбір отбасы алдын ала дайындалып қойған дастархан жаяды. Міндетті түрде бауырсақ пісіріп, дастарханға тәттісін үйіп қояды. Отбасының кішілері үлкендеріне қос қолын беріп, көрісіп шығады. Бір - біріне «Бір жасыңмен!» дейді. Ол «Бір жасқа есеюіңмен! Осы жылға аман - есен жетуіңмен!» дегенді білдіреді. Содан кейін әр отбасы көршілерімен көріседі. Жасы кіші отбасы мүшелері жасы үлкен жанұяларға кіріп, көрісіп шығады.

ҚАРАКӨЗ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Бірліктің белгісі, татулықтың таңбасы



Біреуден қарыз алған болса, қарызын осы күнге дейін иесіне беріп тастауға тырысады. Көрісу күнінің рәсімі бойынша ер адамдар құшақтасып, төс түйістіреді, әйелдер болса, құшақтасып, беттерінен сүйіп көріседі. Тек келіндердің аталарымен және қайынағаларымен көрісулеріне болмайды деген ырым бар. Бұл күні ешкім ешкімге ренжімей, жайдары жүру керек. Көрісуге келмеген адамға «Көрісіп шықпады» деп реніш білдіру орынды саналады.

Қаракөз ауылдық кітапханашысы 14 наурыз күні оқырмандармен «Бірліктің белгісі, татулықтың таңбасы» тақырыптық кеш ұйымдастырды. Мақсаты - оқырмандарды қазағымыздың салт-дәстүрлерінің бірі - амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, сыйластыққа баулу. Ендеше, береке мен бірліктің мейрамы Көрісу күні құтты болсын! Бір жастарыңызбен!

Б.АБЕЕВА,
Қаракөз ауылдық кітапханашысының мүшесі.

АРДАҒЕР – ҰСТАЗ ҚҰРМЕТІНЕ ЖЕТІНШІ РЕТ ӨТКІЗІЛГЕН ОЛИМПИАДА



Ұлағатты ұстаз шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие берумен қатар, мектеп, аудан өміріндегі қоғамдық - шараларға белсене қатынасты.

Тәжірибелі ұстаз облыстық мұғалімдер съезіне бірнеше рет делегат болып қатысты, «Жыл мұғалімі» байқауында облыс бойынша жүлдегер атанды.

Өзі еңбек еткен жылдары «Құрмет белгісі орденімен марапатталып, «Еңбекте үздік шыққаны үшін», «Еңбек ардагері» медалдарын омырауына тағып, «Білім беру саласының үздігі» атанды.

Ұстаз есімі облыстың, ауданның Құрмет кітаптарына, Республикалық Қазақ жерінің Зиялы азаматтары» жинағының 8 томына енгізілді. Аталған олимпиада Төкен апайымыздың жолын жалғастырушы қызы, ұстаз Садықова Элмира Төлеуханқызының ұйымдастыруымен 7-ші мәрте өткізіліп, шараға аудан өкімі

Тынышбаев Берік Тынышбайұлы "AMANAT" партиясы аудандық филиалының төрағасы Серікхан Жакупов, ұстаздың шәкірті Ахметова Гүлжахан Хасенқызы және ұрпақтары демеушілік жасады.

Осы аралықта олимпиадаға мектеп бойынша 170 оқушыдай қатысты, биылғы олимпиадаға 5 - 10 сынып арасында 24 оқушы қатысып, бақ сынады.


Олимпиада қорытындысы 25 мамыр күні соңғы қоңырауда жарияланатын болады. Жеңіске жеткен оқушылар бір рет алатын стипендиямен, куәлікпен, төсбелгімен марапатталады.

Ашылу салтанатында аудандық оқу - әдістемелік орталығының әдіскерлері Болат Нұрмұханұлы, ұстаз Зауре Есімжанқызы, арнайы келген ардагер - ұстаздар Амантай Айтбайұлы, Рахат Рысбекқызы, Сара Қасымқызы, Салтанат Мұнарбекқызы құттықтау сөз сөйлеп, жас математиктерге сәттілік тіледі.

Аудандық білім бөлімінің ұсынысы бойынша келесі жылы олимпиада аудан көлемінде өтетін болады.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

"Аңыздың Ақыры" романындағы ерекшелік



Биылғы оқу жылында республика бойынша жалпы білім беретін мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы іске асырылуда. Атап айтар болсақ, бағдарламада ақпан айы «Оқуға құштар айлығы» болып бекітілген. Бірнеше жылдан бері мектебіміздегі кітап оқуды сүйетін оқушылардың арасында «Кемел» оқырмандар клубы жұмыс жасайды.

Осы бағытта мен Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романын толық оқып, оны зерттеу жұмысына алдым. Зерттеу жұмысымның тақырыбы: Ә.Кекілбаев «Аңыздың ақыры» романындағы монолог. Бұл тақырыпты таңдау себебім, көпшілік оқырман Ә.Кекілбаевтың шығармалары күрделі немесе түсіну қиын деп жатады. Алғаш оқыған кезде роман күрделі болды. Автордың қабілетін, табиғи талантын, білім дүниетанымын, былай қойғанда, сөз өнерінде өзіндік қолтаңбасы, сөз қолданыс тәсілі, сөз саптау мәнері өзге жазушылардан ерекшеліктері бар. Бір жанынан шығармада бір ғана аңыздың желісіне құрылған. Кейіпкерлері аз. Бір-бірімен диалогқа түсе бермейді. Тек, ішкі психологиялық параллелизмдерге құрылғандығында жатыр. Оқырман қауымның түсінуіне қиындық тудыратын осы ерекшелік.

Көркем прозадағы бейнелеу тәсілдердің бірі – ішкі монолог, кейіпкердің ішінен айтылатын сөз, іштей сөйлесу, өзімен – өзінің сырласуы, өзіңді – өзің іштей саралау көрінісі. Жазушы халқымыздың тарихындағы тұлғалар мінезін ішкі монологқа құрылған психологиялық портреттер арқылы талдап көрсетеді. Оқи отырып, кейіпкер дүниетанымындағы оқиғаны өз ой ағының арқылы түсінуге бағыттайды. Зерттеу барысында шығарма толықтай монологтан тұратынын анықтадым. Тұтастай шығарманы автор бірінші және үшінші жақтан баяндайды. Төл сөз бен төлеу сөз, диалог жоқтың қасы. Ішкі монолог, автор ойы және ой ағысынан тұрады. Егер оқырман автордың стилін түсінгісі келсе, монолог және оның түрлерін ажырата білгені дұрыс.

Жүргізген ғылыми зерттеу жұмысымыз бізге романды басқа қырынан танытты деп айтуға болады. Жалпы ішкі монологтың кейіпкер образын ашудағы қызметі орасан зор. Ішкі монолог пен ой ағысы тәсілдерінің көркемдік қызметі сөз жоқ, тың тақырып. Болашақта жазушының шығармашылығын мектеп оқушылары арасында кеңінен насихаттайтын боламыз.

Жаңыл ТҮРКІСТАН,
Көлтабан негізгі орта мектебінің 9-сынып оқушысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - БІЗДІҢ ЖҰМЫСТЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ НАСИХАТТАУ



Мемлекеттік қызмет — көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға бағытталған мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Матай ауылдық округінде әкімі аппараты жұмысының ажырамас бөлігі және басты бөлігі мемлекеттік қызмет көрсету болып табылады. Мемлекеттік қызметтер қатарына: жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру, елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру және басқалар кіреді.

Барлық көрсетілетін мемлекеттік қызметтер белгіленген мерзімде уақтылы орындалады және тегін негізде көрсетіледі. Ауылдық округте ең көп талап етілетін қызмет «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» болып табылады.

Округте мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша халықты ақпараттандыру бойынша тұрақты түрде: түсіндірме әңгімелер, дөңгелек үстелдер және осы тақырып бойынша ауылдық жиындарда брошюралар мен парақшалар берумен жұмыстары жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша шағымдар түскен жоқ.

Мемлекеттік қызметтерді алу туралы барлық қызықтырған сұрақтарға жауаптарды мына телефондар арқылы ала аласыз: 8(72832) 23487 Жетісу облысы Ақсу ауданы әкімдігінің «Матай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Матай ауылы, А.Қисабек көшесі, №19 үй.

М.МҰСАНОВА,
«Матай ауылдық округ әкімі аппараты» ММ-нің бас маман - іс жүргізушісі.

Матай ауылдық округі бойынша 2024 жылы 1 тоқсанында «Матай ауылдық округ әкімі аппараты» ММ-нің бас маман - іс жүргізушісі М.Мұсанова тұрғындармен ұдайы кездесу өткізді, оның мақсаты электрондық мемлекеттік қызметтерді насихаттау болды. Тұрғындарға «Өзіне-өзі қызмет көрсету секторы арқылы да, үйден шықпай-ақ мемлекеттік қызметтерді алу үшін ЭЦҚ алу қажеттігі туралы жеткізілді. Түсіндіру электрондық үкімет және электрондық қызметтер, электрондық-цифрлық қолтаңбаны қашықтан алу, бір реттік пароль арқылы қызметтерді алу сияқты тақырыптарға жүргізілді.

Матай ауылдық округінде әкім аппараты азаматтарға арналған электрондық қызмет көрсету бұрышы қажетті құрал жабдықтармен жабдықталған. Онда көрсетілетін қызметтің түрлері, мерзімі және т.б. мәліметтер орналастырылған. Электрондық қызмет көрсету бұрышында халыққа қызмет көрсету орталығына жүгінбей бірқатар анықтамалар мен мемлекеттік қызмет түрлерін «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы цифрлық қолтаңбалары бар, әрбір ауыл тұрғындары алуға болады. Электрондық қызмет көрсету бұрышында жеке азаматтар мен заңды тұлғалардың өкілдерінің электронды цифрлық қолтаңбаларын ашуға қолайлы жағдай жасалған. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыру және атқарушылық тәртіптің деңгейін көтеру күнделікті бақылауда. Бүгінгі күнге ауыл тұрғындарына «Еgov» бұрышы арқылы жыл басынан 154 әр деңгейдегі анықтамалармен қызметтер көрсетілді. Қосымша электрондық қызмет түрлерін алуға жүгінген азаматтарға қажетті кеңес беретін маман бекітіліп, үйрету, түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Наурыз

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ – ЕЖЕЛГІ
З А М А Н Н А Н
Қ А Л Ы П Т А С Қ А Н
ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМ. 22
НАУРЫЗДА КҮН МЕН
ТҮН ТЕҢЕСЕДІ. НАУРЫЗ
– ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ КҮНІ,
ЖЫЛ БАСЫ, КӨКТЕМНІҢ
АЛҒАШҚЫ АЙЫ. НАУРЫЗ
МЕРЕКЕСІН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ
«АРМЫСЫҢ, ӨЗ-НАУРЫЗ», «ӨЗ
БОЛМАЙ, МӘЗ БОЛМАС» ДЕП
ҚАРСЫ АЛҒАН.

НАУРЫЗ – ҚАЛЫҢ ҚЫСТАН
АМАН-ЕСЕН ШЫҒЫП, КҮН
НҰРЫНА БӨЛЕНІП, ЖАҢА
ЖЫЛДЫ ҚАРСЫ АЛУ
МЕРЕКЕСІ. НАУРЫЗ
МЕРЕКЕСІНДЕКӨРІСКЕН
ЖАНДАР БІР-БІРІН
ҚҰШАҚ ЖАЯ ҚАРСЫ
АЛЫП, ИГІ ТІЛЕКТЕР
АЙТАДЫ.

Амал мерекесі - мейірімділіктің көрінісі

14 наурыз – Көрісу күні. Көрісу — тек адамдардың бір - біріне амандасып, жақсылық тілейтін қауышу мерекесі ғана емес, сондай-ақ, жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін дәстүрлі көрініс. Көрісу – татулық, мейірімділік, ізеттілік. Бұл – ұрпақты татулық пен бауырмалдыққа тәрбиелеу, ізеттілік пен мейірімге баулу үрдісі.

«Ақсу өңірі» ЖШС аудандық газетінің ұжымы баспасөз саласының ардагерлері Берлібек Аманбаев, Дүйсен Мұхаметшарұлы, Тілеухан Есеболатовты ауылда болмағандықтан телефон арқылы Ұлыстың ұлы күнінің алдында тойланатын қонақжай қазақ халқына ортақ ежелден келе жатқан көктем мерекесі «Көрісу күнімен» құттықтап, марқұм болған ардагерлеріміз Хасен Көптілеуов ағамыздың жары Қамбаева Алтын апамыз бен Жеңіс Құрманғалиевтың жары Құрманғалиева Фаридат тәтемізге жеміс толған себет сыйлап, мерекелік көңіл күй сыйлады.

Содан кейін, «Ақсу өңірі» ЖШС аудандық газетінің ұжымы газетіміздің тұрақты оқырманы, газетіміздің демеушісі Абсематов Арғын ағамыздың



Амал мерекесі – біздің ұлттық бауырмалдығымыз бен мейірімділігіміздің көрінісі

Қасым-Жомарт Тоқиев

шаңырағына арнайы барып, жаңа жастарыңыз, дана жастарыңыз құтты болсын, жастарыңызға жас қосылып, ғұмырларыңыз ұзақ болсын, деген тілегімізді жеткіздік. Апаларымыз қуанып қалды.

Жанар АУБАКИРОВА.



*Ескі жылда қатқан мұз, қалған сызды
Көріскен күн көңілмен жібітеді*



«Жақсы көрші тапқаның – мол олжаға батқаның», - деген тағы бір мәнді сөз бар. Мұндағы олжа – материалдық табыс емес, сенім, құрмет, сүйеніш, сыйластық, ауызбірлік – тіршіліктің бір ғанибеті дегенді нұсқайды. Расымен де, бұлар байлыққа сатып ала алмайтын игіліктер емес пе?

Бұл күнді Аман мерекесі деп те атайды. Көрісу күнінде жасы кіші адам үлкен кісінің үйіне барып көрісіп шығады. Міндетті түрде кем дегенде үш үйдің есігін ашу керек деген ырым бар.

Ал, біздің көршілер үшін, біздің ауыл үшін бұл күн Ұлы той. Ұлыстың Ұлы күні Наурыздың бастамасы.

Біз өзіміз ғана емес балаларды да жасынан көршіні құрметтеуге, қажет болғанда, қарайласып, селбесіп, жәрдем қолын созып отыруғатәрбиелейміз. Ал тәрбиенің ең жақсысы – өзіміз іспен көрсететін тәрбие. Кейінгі ұрпақ көршімен болған татулықтың отбасының болашақ береке - бақыты үшін екендігін, жастайынан бойларына сіңіріп келеміз.

**Бақытгүл ҚАСЫМЖОМАРТҚЫЗЫ,
Суықсай ауылдық кітапханасының
кітапханашысы.**

Аналық алғысымды айтамын!



Адамның қай жері ауырса – жаны сол жерде сияқты көрінетіні шындық. Әсіресе, кішкентай балалардың тісі ауырғаны қиын. Тіс дәрігеріне баруға қорқады. Бакалов Серік Нұрадұлұлы балалар тіс дәрігері болып ауысып келгеніне бір айдан кейін тура бір жыл болады.

Жақында екі немеремнің тістері бірдей ауырып, мазалары болмады. Дәрігерге баруға қорқады. Қорықпаңдар, ауыртпайды. Елдің бәрі мақтап жүрген мықты маман екен, – деп үйден екеуін алдап алып шықтым. Жандарына батты ма, екеуі келісті. Үйден екеуін алдап алып шыққаныммен, олардың емес менің тісім ауырып келе жатқандай өзім іштей қорқып келемін. Екінші дәрігер Мейрманова Фариха Қапышқызы да өз ісінің керемет маманы. Екі дәрігерге керек құралдарын алып беріп көмектесіп жүрген медбике Есқалиева Ләззат Есқалиқызы да тіс

дәрігері сияқты балалардың көңілін аулай алады. Себебі, бұрынғы балалар тіс дәрігері Камал мырзаның қасында жүріп өбден үйренген.

Екеуін екі дәрігер екі төсекке жатқызып алып қызметтеріне кірісіп кетті. Менің сыртта тосуыма тура келді. «Баласы атқа шапса, анасы үйде отырып тақымын қысады», - дегендей менің сыртта жаным шығып барады. Қашан жылаған дауыстары шығады екен деп есікке құлақ түремін. Жоқ. Екеуі 17 кабинеттен күліп шықты. Тістерін жұлмай емдеп жіберіпті. Екеуінің қуанышын көргенде аналық мейірімім тасып, Ұлыстың ұлы күніне орай осы өз ісінің мамандарына аналық алғысымды аудандық газет арқылы жеткізім келді. Еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер Серік, Фариха, Ләззат.

**Бағдат АЛШЫНБАЕВА,
зейнеткер.**

*Наурыз – мейірім мен
қайырымдылық мерекесі*

Наурыз – мейірім мен қайырымдылық мерекесі. 15 наурызда Қазақстан халқы «Қайырымдылық» күнін атап өтті.

Бұл күн еліміздің халқын мейірімділік пен тату көршілікке шақырады. Мұқтаж жандарға қол ұшын созу, кімге болсын құшағын жайып, қонақжайлық көрсету – қазақтың қанында бар қасиет.

Аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері де бұл игі шарадан тасада қалған жоқ. Әлеуметтік игі істер марафонын ұйымдастырып, ауылымыздағы жалғызбасты аналарымыз, бірқатар отбасыларға азық - түлік апарып, мерекемен құттықтап қайтты. Жақсылық жасап жарысайық!

Өз тілшімізден.



Армысың,

Наурыз мейрамы - күн мен түннің теңеліп, жан дүниені тірілкен, шаруаның бір малы екеу болып, арқа басы кеңіп, қытымыр қыстың ызғарынан құтылған кез. Еліміздің мейрам қарсаңында ерекше көңіл - күйге бөленіп, кеудемізде патриоттық сезім кернейтін аса үлкен мәні бар мейрам деп санаймын. Н.Есеболатов ауылындағы біздің шағын орталығымызда да наурыз мейрамын атап өттік. Мерекелік іс - шарамыздың тақырыбы «Армысың, Өз Наурыз!». Ертеңгілік барысында бүлдіршіндеріміз билері мен әндерін орындап, ұлттық ойындар ойнатылды. Атап айтқанда, қыз қуу, арқан тартыс, қол құрестіру ойындары балардың жас ерекшеліктеріне сай ойнатылды. Осындай іс -



Өз-Наурыз!

шаралардың балалардың ұлтжанды болып өсуіне үлесі зор. Біздің болашағымыз осы кішкентай бүлдіршіндеріміз болғандықтан, балаларымыздың әдет - ғұрып, салт - дәстүрді бойларына сіңіріп өсулері маңызды болмақ. Көз тартарлық ұлттық киімдерімізді киген балаларымыздың бал - бұл жанған жүздерінен ерекше қуаныш байқалып тұрды. Қазақ халқы қандай рухани биік, мәдениеті бай халық десеңізші! Салт - дәстүр, әдет - ғұрыпымызды дәріптейтін ерекше мейрам ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берсе екен.

**Жадыра МОЛБАЕВА,
шағын орталық тәрбиешісі.**

Н.Есеболатов ауылы.

Салты бардың нарқы бар

НАУРЫЗНАМА 16 наурыз
Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні



Қазақ мәдениеті, өнері мен ұлттық салт-дәстүрі – ұлттың мәдени коды

молынан болған. Осы атаулы мерекеге орай Қызылағаш ауылының үлкен-кішілері жиналып, бір-бірімен көрісіп, ежелден келе жатқан салтты жалғастыру жолында шараларға қатысты, халық назарын аударды. Білмегендер білгендерден сұрап, тарихи

деректерден хабар алып, өз ағайын-туысына да айта баратынын қуана айтысып жатты. Балалар бұл мерекеге қызыға қарап, тереңнен толғанып, бір-бірін құттықтап, үлкендерден айтарлықтай үлгі алғанына шаттанып қайтты. Бұл нені білдіреді: Біздің салт-дәстүріміздің барша халықты береке бірлікке, тазалыққа, үлкенге құрмет, кішіге ізет жолында құрылғандығын және оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырғанда ғана тектілігімізді, ұлттық құндылығымызды бұлжытпай сақтай алатынымыз белгілі. Келер жылы да осы күнде қауышуды баршамызға нәсіп етсін. Мерекелі, берекелі күніміз молынан болсын ағайын!

Әсем ЕСЕНАМАНОВА,
Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің директоры.

Ата жолымызда айдан аман жылдан есенсің бе?! - Мал жан аман ба? – деген іспетті амандық сұрасу бағытындағы сөздер өте көп. Және де әр маусым айдың ауысуы бойынша да амал мерекелері салтымызда сақталған және ешқашан ескерусіз қалмаған. Көктем айы көрине сала наурыздың бірінші жұлдызы Алғыс айту күні болса, келесі 8 наурыз - Халықаралық Аналар, ханым қыздар мерекесі. Ал, бүгін амал мерекеміз 14 наурыз - Көрісу күні. Оның төркініне үңілсек қыстан көктемге жеткен көрші, ағайын-туыс, ауылдың қарттарынан хал сұрау, амал-сәлем жасау және де рухани тазару күні деп ұйғарған. Осы күні амандасып барумен қатар, өткен - кеткен өкпе ренішті кешірісіп, жаңа маусым, жаңа күнге, жаңарған қалыпта жаңа қадам бірге басып отырған. Ауылда, ағайын-туыста ауызбірлік болған және ондай ортада болашаққа деген сенім мен айналасына деген мейір шапағат



Бабаның тілі - ортақ тіл

Өткенге үңілу, тарихты түгендеу, ел жер үшін елеулі еңбек еткен тұлғаларды зерттеу, өскелең ұрпақтың бұлтартпас борышы. Осы орайда 330 жылдық мерейтойы кең көлемде тойланып, кеште болса зерттеліп, халыққа үгіт - насихат жасалып жатқан Бөрібай батыр жайлы айта кеткенді жөн көрдік. Қазақ тарихында Матай Бөрібай батырдың есімі Жоңғар отаршыларының зорлық - зомбылығына қарсы ұлт - азаттық көтерілісті ұйымдастырушы тұлға ретінде аталды. Бөрібай батыр Сарыұлы - шыққан тегі найман, оның ішінде матай руынан. 1694 - 1756 жылдар арасында өмір сүрген. Бөрібай Найман, Жалайыр, Қоңырат жасақтарын біріктіріп, қаһармандықпен қол бастаған батырлардың қатарында тарихтан өз орнын алғанымен, шын мәнінде, жасырынған тарих қатпарында қалып қалған болатын.

1990 жылдардан бастап қолға алынып, зерттеулер негізінде, көптеген ерліктері халқына, туып - өскен жеріне, қасық



қаны қалғанша күрескені, нағыз көшбасшы, үлгі тұтарлық, мақтан етер тұлға екені анықталды. Жас ұрпаққа, барша халыққа үгіттеу мақсатында Жетісу облысы, Ақсу ауданынан «Бөрібай батыр» қоры құрылып, көптеген жұмыстар, ізденістер негізінде еңбек етіп жүрген жерлестеріміз Берікбол Қасымов бастаған ерікті құрамға шексіз алғыс білдіреміз.

Осы құрам күн - түн талмай еңбектеніп, Бөрібай батырдың мүсінін жасау үшін Республикалық деңгейде арнайы байқау жарияланды. Композиторлар ән жазды, ақындар жыр арнады. Жазушы Арасанбай Естановтың «Ұранға айналған Бөрібай», «Матай Бөрібай батыр» кітаптары жарық көрді.

Соңғы жылдары Бөрібай батыр атындағы қазақша құрестен облыстық, оқушылар арасында әскери - патриоттық ойындар арасында аудандық турнирлер өтіп келеді. Ел болып жергілікті демеушілер қолдауымен Жансүгіров ауылының шығыс айналма жолының бойына Бөрібай батырдың еңселі ескерткіші бой көтерді.

Ескерткіш «Қасиетті Қазақстан» картасына ұлт - азаттық көтерілісі батырларының кесенелері бойынша орнатылды. Бұл біз үшін үлкен жетістік, зор мақтаным. Батыр бабамызды кеңінен насихаттауға талмай еңбек етіп, үлесімізді қоса береміз. Ғасырдан - ғасырға жалғап, жаңартып, түлетіп, ұрпақ санасына сіңіре берейік. Келіп жеткен 330 жылдық той құтты болсын.

Қуанышымыз, жетістігіміз ұзағынан болсын қадірменді жерлестер.

Гүлбахар ЕРКІН,
Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің әдіскері.

Тіл - халықтың күре тамыры

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналады. Қазақ тілі - әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, келбетті тілдердің бірі. Қазақ тілі қазақ халқының ана тілі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдыретті.

Бүгінгі таңда отбасындағы ұрпақ тәрбиесі-қоғамның бар саласына қатысты мәселе. Өйткені бүгінгі шағын отбасы – ертеңгі үлкен мемлекет. Мемлекеттің тізгіні сенімді адамның қолында болу үшін ұрпаққа саналы білім қажет. Адам көп тіл білгеннен зиян көрмейді Керісінше оның талабы да, талғамы да артады. Бірақ ең басты тұғырда өз ана тілі тұруы керек. Адамның ой-өрісі өз тілінде дамып жетілгенде ғана құндылығы артады. Тіл — әр адамның болмысы. Егер тіл жойылса, адам болмысы да жойылады. Сенің қазақ екеніңді айғақтайтын таптырмас дәлел, ол — ана тілің.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында бүгінгі күнгі қазақ тілінің мемлекеттік

мәртебесіне баса назар аударды. Алдағы уақытта туған тіліміздің мәртебесі күшейіп, ұлтаралық қатынас құралына айналатынын жеткізді. Бұған дейінгі кездесулерде де Мемлекет басшысы тіл тақырыбына қатысты ұтымды ойын білдіріп келді. Қазіргі жаһандану заманында бұл мәселе ешқашан өзектілігін жоймайды. Осы басты құндылығымызды шұбарламай, таза күйінде келешек ұрпаққа жеткізу мақсатында жыл сайын ұйымдастырылатын «Тіл тазалығын сақтайық» акциясы биылғы жылы да Қызылағаш ауылдық модельді кітапханасында жалғасуда, кітапханамыздың тұрақты оқырмандарымен, «Тіл халықтың күре тамыры» атты ақпарат сағаты өтті. Шараға 18 оқырман қатысты. Тіл тағдыры — ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық!

Әсел ҚҰЛДЫБАЕВА,
Қызылағаш ауылдық модельді кітапхана кітапханашысы.

АЗАМАТТАР МЕН ЗАҢДЫ АДАМДАРДЫҢ ӨТІНІШ БЕРУ МЕХАНИЗМІН ТҮСІНДІРУ ҚҰҚЫҚТАРДЫ, СОНДАЙ-АҚ, ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ ҮШІН ПРОКУРАТУРАҒА ТАРТЫМДЫ ЖАУАПТАР

Прокуратура органдарына өтініштер келесі жолдармен беріледі:
- әдейі;
- пошта қызметі арқылы;
- электрондық үкімет порталы арқылы (электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған кезде);
- «e-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы.
Осыған байланысты, өтінішті тіркеу және қарау үшін оны жоғарыда аталған әдістердің бірімен прокуратура органдарына беру қажет.

Прокуратура органдарындағы өтініштерді қарау тәртібі «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабында, атап айтқанда:

- адам мен азаматтың, егер олар физиологиялық ерекшеліктеріне, психикасының бұзылуына және басқа да мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, көмелетке толмағандардың, сондай-ақ адамдардың шексіз шеңберін өз бетінше қорғай алмаса, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
- адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге, егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер кіретін өкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе немесе мұндай құқықтар болмаған жағдайда; дене;
- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдар араласқан жағдайларда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне төнген қауіпті болдырмау мақсатында;
- жойылмауы адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтыратын заң бұзушылық фактілері бойынша;
- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша;
- Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша.

Өтінішті қарау мерзімі 15 жұмыс күнін құрайды. Нақты мән-жайлар анықталған жағдайда, өтінішті дұрыс шешу, басқа мемлекеттік органдардан, меншік нысанына қарамастан мекемелерден, ұйымдардан ақпарат алу үшін шағымды қарау мерзімі басшының дәлелді шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін (2 айдан аспауы тиіс). Өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы өтініш берушіге мерзім ұзартылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабарланады.

Прокурордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және актілеріне осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Сот немесе жоғары тұрған прокурор актілеріне немесе оның әрекеттеріне шағым бойынша шешім қабылдаған дейін олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Жоғары тұрған прокурор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағымы бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурордың актілерінің күшін жоюға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.

Талғат МОЛДАХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің өтініштерді талдау және бақылау бөлімінің бастығы, әділет кеңесшісі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Қолданыстағы еңбек заңнамасында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін белгілі бір шектеулер қарастырылған.

Квазимемлекеттік сектор ұйымына жұмысқа тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екені туралы анықтама ұсынуға міндетті.

Қазір квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналастыруды шектеу барлық лауазымдарға қолданылады, бұрын бұл шектеулер басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күнді құрайды. Сондай-ақ қызметкерлерге



қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-расту арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне жүгінуге арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі» «телефон» бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

Талғат ОМАРХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

ӘЗ НАУРЫЗ – ИГІЛІКТЕР БАСТАУЫ!

● 19 НАУРЫЗ - ЖАҢАРУ КҮНІ!

130 ЖЫЛДЫҚҚА 130 ТҮП

«Наурызнама» тұжырымдамасына сәйкес 19 наурыз - Жаңару күні.

Аудан орталығы І.Жансүгіров ауылында Жыр Құлагері - Илияс Жансүгіровтың 130 жылдығына орай 130 түп ағаш көшеттері отырғызылды.

Игі шараға аудан әкімі Берік Тынышбайұлы, аудан прокуроры Дастан Несіпбайұлы, ауданның ардагерлері, мекеме, бөлім басшылары, мамандар белсене қатысты.

Аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді Айтбайұлы Наурызда ағаш отырғызуды ежелден халқымыз игі дәстүрге айналдырғанын еске салып, барша тұрғындарды Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамымен құттықтап, ақ батасын берді.

Айта кетейік, өңірде тазалық, көгалдандыру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасады.

Өз тілшіміз.



● АҚСУ АУДАНЫНЫҢ "ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ" АЙНАКЕЗ САТЫБАЛДЫҚЫЗЫ - 65 ЖАСТА!

ЕР МІНЕЗДІ АРУ АЙНАКЕЗ

Аса қымбатты Айнакез! Сенің атыңды атағанда еркімнен тыс Әсет ойыма түседі. Жансүгірге алғаш келгеніңде Әсет ағаң сені үйге ертіп келіп, маған; Әйе, танысыңыз, аты Айнакез, менің ең қадірлі қарындасым, Матай ауылының әкімі, ауданға келгенде Сізге тұрақтайд, - деп, екеумізді табыстырған күні әлі көз алдымда.

Содан бері 30 жылдай уақыт сырғып өтіпті. Бірінші рет амандасқанда Сені әйел адамнан гөрі Азаматқа ұқсатып едім, қателеспеппін, келе - келе оған көзім толық жетті. Сол отыз жылдың он сегіз жылын сенің Азаматтық болмысыңды көру үшін әр дүйсенбі сайын, дастарханымды жайып, әкім қашан келер екен деп, күтіп отырушы едім. Сол кездегі сен туралы ойымды өзім бара алмасамда қағаз бетіне түсіріп, қуанышты күніңде саған деген ақ тілегімді хат арқылы жолдағым келді.

Айнакез кім? Біріншіден, ол Азамат қыз, өмірге қыз болып келсе де табиғатына орай қатарластарының ортасында Азамат болып қалыптасқан, өзінің туған ауылы Матайдың бүгінгі өмір талабына сай өрге басуына елшеусіз үлес қосып, бүкіл өмірін тек мемлекеттік қызметті ойдағыдай атқаруға жұмсады.



Адал еңбегі жоғары бағаланып, оған Ақсу ауданының "Құрметті азаматы" атағы берілді, бұл атақ оның еңбегіне берілген нағыз әділ баға деп есептеймін.

Екіншіден, ол Азамат – Айна, жеке өмірінде кездескен қиыншылықтарға ерлерше төтеп беретін, ата - ана қамқорлығының арқасында ұлын оқытып, қатарынан қалдырмай, үш қасиетке арқа сүйеген, бұрынғы Елбасымыз Қонаевтың жолымен баласын қарапайымдылыққа, адалдыққа, табандылыққа баулып, оның келешегіне жол ашып берді.

Ұлы жоғары білімді, қызметте, отбасы бар. Биыл Айнаға оны Апа атандырған сүйікті немерені келін екеуі сыйға тартты. Бауы берік, жасы ұзақ, бақытты болсын.

Үшіншіден, ол Азамат Аға, Айна үлкен отбасының үлкені, өзінен кейінгі бауырларының бойына тәртіп пен жауапкершілікті, қайсарлық пен қайырымдылықты, ізеттілік пен ілтипатты, сабырлық пен салихалықты қалыптастыруларына көп көңіл бөлді. Еңбегі зая кеткен жоқ, бауырларының бәрі де білімді, жауапты қызметте берекесі - бірлігі жарасқан үлкен отбасының ұйытқылары.

Аса қадірлі туған сиңліме балаған Айнама! Бүгінгі қуанышты күнде деңізе саулық, көңіліңе шаттық, отбасыңа бағанды бақыт тілеймін.

Айна! Сүтпен бірге сүйекке біткен кісілік келбетіңнен айнымай, тектілік тұғырыңнан таймай, сырынды да, сыныңды да кіршіксіз сақтаған қалпыңда адал ғұмыр кеш. Өзіңе ұқсаған немерелер көбейсін, ұрпағыңмен ұлықты бол.

**Шын жүректен, зор тілекпен апайың:
Ажар СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ,
Ақсу ауданының "Құрметті азаматы".**

Теміржолшылар әулемінің тірегі

«Отан – отбасынан басталады», - деген халық даналығы бекер айтылмаған. Отанға деген құрмет алдымен әркімнің өз отбасында қалыптасады. «Наурызнама» тұжырымдамасына сәйкес 17 наурыз - Шаңырақ күні.

Матай ауылының көп шаңырағы теміржолшылар әулеті. Солардың бірі - теміржолшылар анасы, өзі де теміржол саласында істеген Қуанышева Бисара апамыз.

Ол кісі 1936 жылы 20 сәуірде дүниеге келген. 1956 жылы 20 жасында Қуанышев Қабұлхамит атамызбен тұрмыс құрып, төрт ұл, екі қызды өмірге әкелген. 1967 жылдан бастап, 1986 жылы зейнеткерлікке шыққанша ПЧ – 44 мекемесінде темір жол саласында жұмыс істеген. Қабұлхамит ата-



мыз да теміржолшы болған. Қабұлхамит ата мен Бисара әже теміржол саласының құрметті ардагерлері атанған еңбек адамдары. Байырғы заманнан теміржол саласының қазанында қайнап, ыстығы мен суығына тезген майталман мамандардың ерлікке пара - пар еңбек жолдарын екеуінен өрбіген ұрпақ жалғастырып келеді. Қазір ата – ана жолын қуып, төрт ұлы да теміржол саласында, төрт немересі машинист.

Апамыздың 20 немересі, 41 шөбересі бар. Ендеше, Шаңырақ күнінде осы бір Алтын шаңырақ иелерін, Ұлыстың ұлы күнімен құттықтаймыз.

**Р.ҚОЖАГЕЛДИНОВА,
Матай ауылдық клубының
музыкалық жетекшісі.**

СОТ ҮКІМДЕРІ

АЛИМЕНТ ӨНДІРУ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Аудан прокуратурасы жеке сот орындаушылармен бірлесе отыра борышкерлерден алимент қарызын өндіру бойынша жұмыстар атқарады.

Мысалы, «Е» есімді азамат 20.02.2017 ж. заңды түрде некесін бұзып, 27.02.2017 ж. Қапшағай қалалық сотының бұйрығымен көмелетке толмаған баласына көмелеттік жасқа толғанға дейін 24.02.2017 жылдан бастап ай сайын еңбек ақысының және басқа кез келген 1/4 бөлігі көлемінде алимент өндіру туралы көрсетілген және бұл бойынша атқарушылық іс жүргізу өндірісі қозғалған.

Алайда, «Е» есімді азамат заңды күшіне енген сот актісін не атқарушылық құжатты алты айдан астам орындамай, нәтижесімен ӘҚБТК-нің 669-бабы 1-бөлігі бойынша барлығы 1 рет әкімшілік жауаптылыққа тартылған. Осыған қарамастан аталған тұлға сот бұйрығын орындамауын одан ары жалғастырып келген.

Сол себепті, оның алимент қарызы 24.02.2017 жылдан бастап 30.06.2023 жылы аралығында жалпы құны 3 253 153 теңгені құраған.

«Е» есімді азамат 2017 жылдың ақпан айының 24-і күнінен бастап 2023 жылдың маусым айының 30-ы күніне дейінгі аралығында, ата-ананың көмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан астам

орындамау іс-әрекетін жүзеге асырып, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 139-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған.

Нәтижесімен, 28.07.2023 ж. Жетісу облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының үкімімен «Е» есімді азамат кінәлі деп танылып, оған қатысты 1 жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалды.

Осының негізінде, аудан прокуратурасы әрбір алимент қарызы бар борышкерлерді заң талаптарына бағынып, сот бұйрығын орындауға және алимент қарызын уақытылы төлеуге шақырады.

МАЛ ҰРЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ

Ақсу ауданы аграрлық мекен болып табылады және шаруалардың басым бөлігі мал өсірумен айналысып, мал шаруашылығы бұл тұлғалардың басты табыстары, жейтін нандары және бала-шағаларын асырайтын бірден-бір табыс көздері болып табылады. Малды өсіру мен оны күту бейнеті, еңбекті көп қажет ететін кәсіп.

Осыған байланысты аудан көлемінде мал ұрлығы деректеріне қатысты жауаптылыққа тартылып жатқан кейбір тұлғаларға мысал келтірсек.

Мысалы, «Ж» есімді азамат Қызылағаш ауылдық округіне қарасты жайылым жерден, мал ұрлау, яғни ірі мөлшерде болатын бөтеннің 10 бас ірі қара малдарын еркін қолжетімділік арқылы жасырын жымқырып,

жәбірленуші «Н» есімді азаматқа жалпы құны 4 000 000 теңгеге мүлктік зиян келтіріп, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодекстің 188-1-бабы 2-бөлігі 2-тармағында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған.

04.07.2023 ж. сот үкімімен «Ж» есімді азамат жасаған қылмыстық іс-әрекеті бойынша ҚК-тің 188-1-бабы 2-бөлігі 2-тармағымен кінәлі деп танылып, мүлкін тәркілеусіз, 4 жыл бостандығынан айыру жазасын тағайындалып, ҚК-тің 46-бабы 5-бөлігі 2-тармағына сәйкес, жазасын қылмыстық атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеу белгіленді.

Тағы бір мысал, 25.09.2023 ж. «Р және Н» есімді азаматтар мал ұрлау, яғни, бөтеннің малдарын жайылымнан заңсыз адамдар тобында, бірнеше рет белгісіз арқылы жымқырып, нәтижесімен сот үкімімен екі тұлғада ҚК-тің 188-1-бабы 3-бөлігі 1-тармағымен кінәлі деп танылып, мүлкін тәркілеусіз, 5 жыл бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, ҚК-тің 46-бабы 5-бөлігі 2-тармағына сәйкес, жазаларын қылмыстық атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеу белгіленді.

Осының негізінде, аудан прокуратурасы әрбір тұрғындардан өздерінің малдарына қырағылық танытып және мал ұрлау деректері бойынша заң талаптары күшейтілгендігін назарларыңызға сала отыра, қылмыстық құқық бұзушылық жасамауға шақырады.

ЕСІРТКІ ҚЫЛМЫСТАРЫНА ҚАТЫСТЫ

Аудан көлемінде өткен жылдың қорытындысымен

АСҚАҚ ЖЫРДЫҢ АҚИЫҒЫ

Қазақтың ақиық ақыны Ілияс Жансүгіровтің өзі айтып кеткен «Өз елі, өз ерлерін ескермесе, Ел, тегі, қайдан алсын кемеңгерді!?» - деген жолдар осы тақырыпты қолға алғаннан көкейімізге оралды да отырды.

Ақын, қазақтың үш бәйтерегі, үш арысының бірі болған жерлесіміз Ілияс атамыз – қазақ әдебиетінің тарихында өшпестей із қалдырған Абайдан кейінгі қазақ ақыны. Кәкімбек Салықов ағамыздың сөзіне жазылған, жерлесіміз Мұратхан Егінбаевтың «Үш арыс» әнінде Сәкен, Ілияс, Бейімбетті «Қазақтың ірілері, Абайдың інілері» - деп әдемі теңеген. Ендеше, «Асқақ жырдың ақиығы» атанған Ілияс атамыздың биыл 130 жылдығы. Айтар әңгімеміз де, жазар мақаламыз да ақын атамыз жайлы болмақ. Ол қазақтың жазба әдебиетінде әр жанрда еңбек етіп, ерекше көзге түскен бірден - бір ақын. Ілияс ақын қазақ поэзиясына айтарлықтай үлес қосты, оның өлеңдері қазақ әдебиетінің асыл қазынасы енді, бірнеше ұрпақтың игілігіне айналды. Осы орайда Ілияс Жансүгіров атындағы тарихи – өлкетану музейінің ұйымдастыруымен ақынның 130 жылдығы аясында шығармаларын насихаттау барысында «Асқақ жырдың ақиығы» атты поэтикалық кеш өткізілді. Шараға ауылдағы «Мамания» атындағы орта мектептің 8-сынып оқушылары, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері қатысты.

Шараны жүргізген экскурсия жетекшісі Айнұр Жұбаева ақынның өмірі мен шығармашылығына шолу жасап, ақынның терең ойлы, шешен сөзді, сұлу талғамды ақын екенін, реалист, лирик ақын екені, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін жаңа биікке көтеріп, заманының қайшылықты шындығын өз шығармаларында жан - жақты бейнелеген, көркем сөздің халықтық мән - мағынасын көтеріп, жаңа жанрларды ізденістер жасаған, туған халқын отаршылдық пен ұлттық өзгіндік екі жақты қанауынан азат етуге, ел бостандығына үн қосқан ақын, қазақ ауылындағы ескі едет - ғұрыптарға, керсеткен кеселді қылықтарға қарсы болғаны жайында баяндап, сондай адамға «Халық жауы» деген жала жабылып, солақай саясаттың құрбаны болғанын айтты. Оқушылар ақынның өлеңдерін жатқа мөнерлеп оқып, мөнерлеп оқу шеберліктерін көрсете білді.

Ақын, жазушы, драматург, аудармашы, публицист, өнер зерттеуші, қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіровтің шыншылдық рухтан туған эстетикалық шығармаларын жастар бойына сіңіруде атқарылған шараға ауыл тұрғындары да қонақ болып қатынасты.

— Ілияс Жансүгіров жиырмасыншы жылдардың басында өз бетімен оқып, ізденіп, білімнің кеңістігін толтырып, ақындық жазушылық жолға түседі. Ілиястың көбірек қалам сілтеген дәуірі – отызыншы жылдар.

Жүргізуші Ілиястың айтыс ақыны да болғанын айтты. Ілиястың Борамбектің қызы Әлишамен айтысқандығы туралы дерек келтірді.

Сөздің реті келгенде Ілиястың прозалық сатира тұрғысында жазылған еңбектері жайлы да көпшілікке мол



мағлұмат бере кетті. Ол өз мақалаларын көбінесе Матай, Ағын сияқты бүркеншік аттармен жариялап отырғанын да тілге тиек етті.

Ілияс поэзиясының бастау - бұлағы, құнарлы көзі ең алдымен халықтың бай фольклорлық мұрасы мен Абай поэзиясы. Әсіресе, "Дала" "Күй", "Құлагер", "Күйші" поэмалары қазақ поэзиясындағы сол кездегі айырықша жаңалық, теңдесі жоқ алып шығарма болғаны белгілі. Ілиястың қазақ поэзиясындағы тағдыр - талайын Құлагер тұлпардың бейнесіне ұқсатуымыз тегін емес. Ілияс жастайынан халық өмірін, күнделікті тұрмысын, салтын жетік білді. Халықтың өнерін рухани азыққа, ақындық шабытының қайнар көзіне айналдырды. Сондықтан да жазушылық қабілеті, журналистік шеберлігі, ақындық шабыты мен музыкалық қабілетін шебер ұштастыра білген асыл азамат шығармашылықтың биігіне көтерілді.

Айқын да қанық бояуы мол, терең ой мен рухқа толы тамаша туындылар берген қазіргі қазақ поэзиясының озық екілі Ілияс атамызды боз орынды құрмет тұтамыз. Әдебиетіміздің аспанында оның жұлдызы бүгінде айқын жарқырайды. Ол қарымы мол талант иесі, сөз өнерінің кемеліне жеткен және кемелдене беретін үлкен суреткері. Бүгінде Ілияс атамыздың жырларын кемелетке жаңа толған жас та, үлкен де құштарлықпен оқиды. Себебі, мектеп бағдарламасына да, балабақшаларға да «Ілияс тану» пәні енгізіліп, өлеңдерін оқудан шелеңдер жиі ұйымдастырылып тұрады. Республикалық «Ілияс оқуы» ауданымызда дәстүрлі түрде өтіп келеді.

Ақын творчествосының тілі бай. Туған жер табиғатын жырға қосса, ол ақынның тілдік бай қоры арқылы бүкіл ажарымен, сан құбылған бояуымен суретші картинасындағыдай жарқырап көз алдында тұрады. Солардың бірі «Жетісу суреттері» өлеңі. Жетісуды Ілиястай суреттеген ақын жоқтың қасы.

Иә, «Асқақ жырдың ақиығы» Ілияс атамыздың өлеңдері аманда, өлеңдерін оқитын елі аманда ақынның артында қалған хаттары мәңгілік өмір сүрері, ғұмыр кешері ақиқат.

**Айнұр ЖҰБАЕВА,
І.Жансүгіров атындағы
тарихи – өлкетану музейінің
экскурсия жетекшісі.**

ТУҒАН ЖЕР - ТҰНҒАН ШЕЖІРЕ



шипажайына еңбегі сіңген бас дәрігері болған Мулюков Гариф Аминович, Қапал ауылындағы «Ақын Сара» мемориалды музейінің директоры Алимбаева Айгүл Төлегенқызы, "Ақсу өңірі" газетінің бас редакторы Қасымбекова Ләззат Қалмұхамбетқызы, сондай-ақ, Ақсу ауданының зиялы қауымы, тұрғындары, ұстаздар мен оқушылар, кітапханашылар мен жалпы кітап сүйер қауым қатысты.

Кеш барысында Толымбеков Жемісбек Дулатбекұлының «Біржан - Сара» кітабының тұсауы кесілді. Ақсу аудандық кітапханасының библиографы Гүлшат Тұрсынқызы «Өлке тарихының тарланы» атты кітап көрмесімен таныстырып, арнайы библиографиялық шолу жасады.

Аталмыш шара барысында оқырмандар Толымбеков Жемісбек ағамызбен сұхбаттасып, сұрақтар қойылып, өзінің зерттеу жұмыстарында, шығармашылығындағы қызықты әрі пайдалы мәліметтермен бөлісті. "Молықбай Байсақұлы" атындағы мәдениет үйінің қызметкері Китапиянов Жасұлан өзінің тамаша өнімен кешті қорытындылады.

Мен былтырғы жылы Жемісбек ағамыздың 70 жасқа толған туған күнінде жазған естелік әңгімемнен жастарға үлгі болсын деп естелік әңгіме айтып, сол мақаламады:

Асыл аға Жемісбек Толымбеков, Сізден алған рухпенен жолым бекіп, Желдей қылып айтатын ойымды есіп, Айтар сөзді нақтылап, орынды етіп, Ақын болып танылдың ауданыма, Талай жерде жұлдеге қолым жетіп. Ендігі ойым жастарды тәрбиелеу, Ақын болып қарайтын өмірге тік. Осылай өлеңменен аяқтайын, Мақаламды кішкене көңілді етіп - деп әңгімемді көңілді етіп аяқтадым.

«Кітапханаға кітап сыйла» акциясының аясында Толымбеков Жемісбек ағамыз кітапхана қорына «Аталулы аудан Ақсу», «Біржан-Сара», «Дәнекерім Тәнеке» т.б. 10-нан аса кітаптарын сыйға тартты.

Ербол СЫМХАНОВ.

Аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен 16 наурыз күні, яғни, Наурызнаманың он күндігінің тамаша бір күні "Мәдениет және ұлттық салт - дәстүр күні", "Шежіре күніне орай" жерлесіміз, ауданымыздың мәдениетіне, әдебиетіне зор үлес қосып келе жатқан балалар жазушысы, Ақсу өңірінің тарихы мен әдебиетін зерттеуші, өлкетанушы, шежіреші, публицист Толымбеков Жемісбек Дулатбекұлымен «Туған жер - тұнған шежіре» атты жемісті де толымды кездесу кеші өткізілді.

Іс - шараға Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Дәулетбекова Күләйхан Тұрсынбекқызы, Ақсу ауылы ақсақалдар алқасының төрағасы Арнай Кәрімұлы, «Ілияс» қорының төрағасы Мұсабажанов Ғабит Ахметқожаұлы, Қапал ауылының тұрғыны, зейнеткер, "Қапал - Арасан"

есірткі, психотроптық заттардың заңсыз айналымына қатысты – 2 қылмыстық істер (ҚК-тің 300-бабы 1-бөлігімен және ҚК-тің 296-бабы 2-бөлігімен) өндіріске алынып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары ұйымдастырылған.

Нәтижесімен 27.09.2023 ж. аудан сотымен «М» есімді азамат ҚК-нің 296-бабы 2-бөлігімен көрсетілген қылмыстық теріс қылық жасағандығы үшін кінәлі деп танылып, оған 80 (сексен) сағатқа қоғамдық жұмыстары және 300-бабы 1-бөлігімен көрсетілген қылмысты жасағандығы үшін кінәлі деп танылып, оған 1 (бір) жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы, ҚК-нің 58-бабы 2-бөлігінің негізінде түпкілікті жаза ретінде онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы 1 (бір) жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалды.

Аталғандардың негізінде аудан прокуратурасы тұрғындардан есірткі қылмыстарының алдын алу бағытында бірігіп жұмыстар атқаруға, яғни қандайда бір ақпарат білген жағдайда уақытылы хабарлауға және есірткіден аулақ болуға шақырады.

АЛАЯҚТЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНА ҚАТЫСТЫ

Аудан көлемінде ең кең көлемде таралып жатқан қылмыс түрі ол алаяқтық. Осыған байланысты аудан прокуратурасы басқа да органдармен бірлесіп бұл бағытта жұмыстар атқарылуда. Бұл санаттағы

қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жауапқа тартылып жатқан тұлғаларда аз емес.

Мысалы, «Ө» есімді азамат Жансүгіров ауылында, 2023 жылдың тамыз айының 15-і күнінен қыркүйек айының 02-і күніне дейінгі аралығында алаяқтық, яғни ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау арқылы және сеніміне теріс пайдалану жолымен бөтен мүлкін иемдену іс әрекетін, яғни өзіне тиесілі ұялы телефонында орнатылған «Телеграмм» әлеуметтік желісіндегі "ch:Drawing" бот парақшасында жалған чек жасап, яғни ол сол бот парақшасына жіберілетін керек сомманы және кімге аударылатын телефон нөмерін, жіберген уақытын, кімнен жіберілгенін жаза отыра сол бот парақшасында дайындалған жалған чекті шығарып алып, өзінде сақтап, оны дүкенде сауда-саттық жасау барысында пайдаланып, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігі 4-тармағында көрсетілген қылмыстық бұзушылықты жасаған.

Нәтижесімен, 16.10.2023 ж. сот үкімімен «Ө» есімді азамат ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігі 4-тармағымен көрсетілген қылмысты жасағандығы үшін кінәлі деп танылып, оған мүлкін тәркілеусіз, 1 жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалды.

Тағы да бір мысал, 29.12.2023 ж. «М» есімді азаматша алаяқтық жолымен, аудан көлемінде жер телімдерін алумен және қайтарымсыз несие алып беруге көмектесетінін айтып, тұрғындардың ақшаларын заңсыз иемденіп, нәтижесімен сот үкімімен ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігі

4-тармағымен көрсетілген қылмысты жасағандығы үшін кінәлі деп танылып, оған мүлкін тәркілеусіз, 3 жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалды.

Бұдан басқа, 29.11.2023 ж. «А» есімді азамат Қапал ауылында, алаяқтық жолымен, «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 2,5 пайызбен 8 600 000 теңге несие алып беремін деп тұрғындардың сенімдерін теріс пайдалану арқылы ақшаларын заңсыз иемденіп, нәтижесімен сот үкімімен ҚК-тің 190-бабы 3-бөлігі (3,4) - тармақтарымен кінәлі деп танылып, оған 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалды.

Осылардың негізінде аудан прокуратурасы тұрғындардан алаяқтардан сақ болудың қарапайым қауіпсіздік шараларын ұстануды, атап айтқанда: дербес деректерді, пластикалық карталардың мәліметтерін, кодтарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламауға, белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбеуге, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асырмауға, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпауға, кез - келген сілтеме бойынша өтпеуге, спам хабарламаларға сенбеуге шақырады және осы талаптарды сақтау арқылы әр адам алаяқтардан өзін қорғап жүре алатындығын ескертеді.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫ.

НАУРЫЗНАМА

Бақытты отбасы

Өмірге ана – бұлақ, ана – пана,
Өмірді өркендетер ана ғана,
Өсірген талай көсем, талай

шешен,
Талай ер, талай ақын, талай

дана,
деп талай ақын жырлаған Ана туралы қанша айтсақ та артықтық етпейді. Ана — тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. «Ат - биеден, алып - анадан туады!» - дейді халқымыз. Дүниеде анасыз адам жоқ. Қаламы жүйрік жазушы да, данышпан ғалым да, ел бастаған көсем де, сөз бастаған шешен де ана көкірегінен нәр алып өскен. Ана — барлық өмірдің бастауы. Ол өз сәбиін мәпелеп өсіреді, жақсы болуын қалайды. Адам бойындағы барлық асыл қасиеттер күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен дариды. Өйткені, Ана-тіршіліктің тірегі.

Қызылағаш ауылына қарасты Ақтоған ауылында Ибраимова Жақсылық деген ана тұрады. Өзі Ақсулық жеті ағайынды, өзі төртінші бала екен. Қазіргі кезде ақ жаулықты ананың 6 баласы бар. /үш ұл, үш қыз./ Ұлды ұяға, қызды қияға қондырған ақ жаулықты әже. 42 жасында жолдасынан осы балалармен қалып, өмірдің суығына тоңып, ыстығына күйіп мойымады. Бүгінгі күнде ұл - қызынан 23 немере сүйіп, кенжетай Талғат ұлының қолында. Талғаттың өзінің отбасында 6 баласы бар, ауылымыздың үлгілі отбасы. Төрт ұл, екі қыз тәрбиелеп отырған жайы бар. Келіншегі Назыгүл балабақшада тәрбиеші, үйдегі тірлігімен қатар жұмысын да дөңгелетіп отыр. Екі үлкен ұлы мектепті бітіріп, үлкен ұлы - Мәди "Кеңес Одағының батыры, Гвардия Полковнигі Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінде" келісімшарт бойынша әскери қызметте. Екінші ұл - Әли "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы РММ" Құрлық әскерлерінің әскери институтында" студент. Қалған балалары мектеп қабырғасында оқитын оқушылар. Мектептің кез келген іс - шараларының гүлдері деп айтсақ та көптік етпейді. Түрлі жарыстарға қатысып, ең бастысы қатысқанның өзінен өзіме көп нәрсе түйенім дегенді ылғи естиміз. Талғатқа келетін болсақ анасынан көргенін бойына сіңіріп, мәдениет саласында қызмет етеді, өзіндік орны бар тұлға. Ақ жаулықты ананың нағыз азамат етіп тәрбиелегені ауылға мәлім. Келіні жастай түсті, "жақсы жерге түскен келін - келін, жаман жерге түскен келін - келсап" - демекші Назыгүл енесінен көп нәрсені үйренгендігін үнемі айтып отырады. Өз үйінде еркелеп, ата-анасына арқа сүйеп өскен қыз балаға жат жерге келін болып, бейтаныс жандардың ортасына сіңісіп, олардың көңілінен шығу - оңай шаруа емес. Кейбірде тіпті ұялып, қысылып тамақ та жемей қойған кездерім болатын, есіме түссе күлкілі. /өз сөзінен / Соның барлығын бақылап, біліп отырған ене түсіністікпен қарап, білмегенін үйретіп, өзін сол үйдің адамындай сезініп кеткенше шыдамдылық танытып, көмек қолын созып, бүгінгі күні менің «жақсы» келін атанғанымға септігін тигізді дейді Назыгүл. Қыз күнімде көп тигізбеген тірлігімнің бәрін келін болғанымда істедім. Алғашында қолымнан ештеңе келмегендіктен, қатты қысылдым. Оның үстіне енем бір өзі жүріп, шаруаны дөңгелетіп әкететін. Ал мен бір картопты 5 минут ашып отыратынмын. Қазір ойласам, сол кездегі енемнің сабырлығына тәнті боламын. Мен келін болып түскен отбасында 3 ер бала, 3 қайын сіңлілерім болды. Ал еркіндікте өсіп үйренген, өмірі көйлек дегенді киіп өспеген маған бірден халат киіп, орамал тағып, балалықпен бірден қоштасуым өте қиынға соқты. Өрине оны сыртқа білдірмейсің, қайда барсаңда ұзын көйлек киіп, үнемі

НАУРЫЗНАМА 17 наурыз

Шаңырақ

Наурыз



орамал тағып жүру мен үшін үйдің тірлігінен де қиын болды. Ата-әжемнің қасында айналайын дегеннен басқаны естімегенмен қатты дауыс көтеріп сөйлемесе де енемнің қатулы қабағынан аяқ тартатынмын. Бір тірлікті дұрыс жасамай қалғанымда, өз-өзімнен іштей дірілдеп, жылармандай боламын. Сондайда енем қасыма келіп: «Ешкім бәрін біліп өмірге келмейді, бірте-бірте үйреніп кетесің, мен де сен секілді ештеңе білмей тұрмыс құрғанмын, енемнің қасында жүріп бәрін үйренгенмін», — дегенде, үстімнен ауыр жүк түскендей болатын. Оның салиқалы, байыпты сөздері құлағыма кіреді және енемді ренжітіп алмау үшін айтқандарын бұлжытпай орындайтынмын. Сырттай қатты кісі болып көрінгенімен, жүрегі жұмсақ, сөздері деп тиетін адам еді. Ол маған әрбір ісімді тарқатып түсіндіру арқылы үйретті. Сол кезде басқа ежелер сияқты «қолынан түк келмейді» деп өзгелерге жамандаған жоқ, «мыналары қайдан тауып екеңді?» деп ұлына да ұрыспады, керісінше, ұлына «сөйлем, айқайлама» деп мені қорғаштап отыратын. Тәрбиелейтін ене болса, келін барлығын да үйренеді екен. Соны түсіндім және келін де енесі үйретіп жатқанда барынша тырысып қағып алса, себебі ене жаман зат үйретпейді. Ене мен келін тату болса, үйдің берекесі болады. Ол екеуі жақсы болса, бәрі де тыныш, бәрі де жақсы. Айналамдағы кейбір адамдар ежелерін жамандап немесе үлкен апалар келіндерін жамандап жатқанда, іштей Аллаға шүкіршілік етемін, осы отбасыға келін болғаным үшін. Мен өзім жақындарымды қуантқанды, көмек бергенді, сыйлық сыйлағанды жақсы көремін. Басқаларға да жолдастарыңыздың ата - анасын мерекелерде құттықтап, сыйлық сыйлап тұрыңыз, тіпті, жағдайың бәлкісіп отырыңыздар және балаларыңызды ата - әжесінен ешқашан қызғанбаңыздар деп кеңес беремін. Қызды өз үйінде еркелетеді. Ал, келінді келін етіп тәрбиелейтін ол - ене. Бөтендігін сездіріп, жекімей, жаныңа жақын тартып, жәй сөзбен, ақылмен түсіндіре алған ененің келіні ешқашан жаман болмайды. «Ене жақсы болса, келін міндетті түрде жақсы болады», - деген сөздер

өзіме арналғандай! - деп отырады. Қазақ отбасындағы әже орны ерекше әрі қадірлі. Әже - отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын-абысындардың бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, кейінгі жастардың, келіндердің тәрбиешісі әрі ақылгөйі. Тұңғыш екі ұл бала әженің кенжесі саналып, әжесі тәрбиелеп, бағып - қаққан. Әже мен немере арасындағы туыстық байланыс өте нәзік әрі берік. Тарихта күллі рулы елге ана болып саналған Айпара әже, Домалақ ене, Зере, Айғаным секілді әжелердің бейнесі аңыз - әңгімелерде, әдеби шығармаларда көп сомдалған. Алдымен әже тәрбиесі арқылы бала жақсы-жаманды ажыратып, үлкен-кішіні тани бастайды. Мінез-құлқы, тіл тәрбиесі қалыптасып, бала үй шаруасына бейім, елгезек тілалғыш, мейірімді болып өседі. Әженің алдын көрген балаға жұрт тәрбиелі бала деп баға береді. Әже тәрбиесі көбіне «олай істеме, былай істе», «бүйтсең жаман, өйтсең жақсы!» - деген сипатта, әжылгөйлік мазмұнда болып, ақылғөй мейірімді мен жүрек жылуына бөленіп өседі. Бұл отбасы - өте мейірімді, Жақсылық әже домбыра шертеді музыкалық жағынан да өнерлі, инабатты осы орайда әжеге ілес жүріп, көрген - білгенін, жақсы үйренетін нәрселерді көңілге тоқудан құралғандығын немерелерінің әрекетінен білуге болады. Әжесіне ілескен бала алыс жерлерді, ел жақсыларын, сыйлы ауылдарды көріп, жиын - тойға т.б. қатысып, соларды ұғынуға, білуге тырысады. Әженің тәрбиесінен өткен баланы жұрт көргенді бала деп атайды. Ел тану, жер тану көргенділікке жатады. Қазақтың дәстүрлі бала тәрбиесінде көргенділік тәрбиенің ең жоғарғы формасы болып табылады. Жақсылық әжеден тәлім алған немерелердің рухани жағынан тәрбиелі, көргенді азамат болып, ержетуінің, елдің аузына ілігер азамат пен азаматшалар болып қалыптасуының негізі осылайша қаланады. Бұл отбасының рухы биік, үлгілі отбасынан аларымыз көп!

Салтанат САПИРОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.



Елімізде ұлыстың ұлы күнін атап өту шаралары қазірдің өзінде басталып кетті. Өрине, мойындауымыз керек, Наурыз мейрамын атап өтудің қазіргі заманғы үлгісі оның бұрынғы мағынасынан алшақ. Дегенмен, бүгін Наурыз мейрамы қазақтың да, шешен, орыс, неміс және Қазақ елін мекен еткен басқа да 130 ұлт өкілінің ортақ мерекесіне айналды. Биыл аталған шара 10 күнге созылып, арнайы күндерді атап тастауымен ерекшеленеді.

Ата - бабамыздың озық дәстүрін жалғастыру мақсатында мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Сәбит Барлыбаевтың айтуынша, биылдан бастап Наурыз мерекесі жаңа форматта тойланады. Бұдан былай жыл сайын 14 - 23 наурыз аралығында Наурызнама онкүндігі өткізіледі. "Тарихи тұрғыдан алғанда, жаңа жылды тойлау 8 - 9 күнге жалғасып, оны "Наурызнама" деп атаған. Өрине, бұл туралы деректер ұлы философ - жазушыларымыз - Махмұд Қашғаридің, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Абай Құнанбайұлының, Мұхтар Әуезовтің еңбектерінде жазылған", - деді Барлыбаев орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте. Наурызнаманың бағдарламасы:

14 наурыз күні - Көрісу күні. Амал мерекесі тойланады. Бұл дәстүр негізінде еліміздің батыс өңірлерінде сақталған. Бүгінгі күні аталған мерекені барлық аймақтарда тойлау ұсынылды.

15 наурыз - Қайырымдылық күні. Бұл күн ел бойынша қайырымдылыққа, мейірім мен тату көршілікке арналады.

16 наурыз - Мәдениет және ұлттық салт - дәстүр күні. Ол күні қазақтың мәдениеті, өнері мен ұлттық құндылықтары кеңінен насихатталады.

17 наурыз - Шаңырақ күні. Осы күні отбасылық құндылықтарын білуге тәрбиелеу, Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Осы күнгі дәстүрге сай ауылымыздың ақсақалдары халыққа жақсы тілек айтып, бата береді. Бұл жақсы тілек: «Халық гүлдене берсін! Ақ мол болсын! Бұл күн молшылық әкелсін! Бүкіл жамандық пен барлық қара іс жер бетінен жойылысын! Ата - бабамыздың рухы бізге әрдайым қолдау көрсетсін!» деген сөздермен аяқталады. Осы сәтті пайдалана отырып Қызылағаш тұрғындарын, барша Қазақстандықтарды, өмірге әкелген анам - Сапирова Сауле Құмарбайқызын, жаныма жақын ағайын - туыстарымды Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз - жылдың басы, күн мен түннің теңелер шағы. Тамыры тереңнен тартқан осынау мейрам - береке мен бірліктің нышаны. Тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз шаттық пен қуанышқа кенелтер ұлы мереке.

Баршаңыздың дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, отбасыларыңызға амандық, ырыс пен ынтымақ тілеймін!

Наурыз - жылдың басы, күн мен түннің теңелер шағы. Тамыры тереңнен тартқан осынау мейрам - береке мен бірліктің нышаны. Тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз шаттық пен қуанышқа кенелтер ұлы мереке. Баршаңыздың дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, отбасыларыңызға амандық, ырыс пен ынтымақ тілеймін!

ҚЫЗ ЕРКЕМ, АНАСЫМЕН КӨРКЕМ!



Біз қазақ халқы қыз баласын қонақ ретінде сыйлап, төріне шығарып, бетіне келмей, нәзік гүл екендігін сезіндіре білген. Тал бесігінен жат жұрттық екендігін түсіндіріп, бойына асыл текті қасиеттерді «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» қағидасына салып тәрбиелеп отырған. Тек ділімізде ғана емес, дінімізде қыз баласының наласы мен ризық-несібесінің мол болатындығы, жақсы қыз әкесі мен ағасын бірдей жұмаққа кіргізетіндегі, риза кейпі сол үйдің байлығы мен берекесін ұйытатыны - хақ дүние. Ең алдымен «қыз баласы» деген ұғымға тоқталып өткенім дұрыс шығар. Мен үшін қыз - болашақ ана, аяулы жар, үлгілі келін. Қыз баланың тәрбиесі тек өзінің ғана болмысын көрсетпейді. Дүйім жұрттың, бір қауым елдің, қырық үй қарайласқан аялы алақан мен үлгілі өнегенің бейнесі. Бойға сіңген қасиет арқылы сыйы артып, сыбағасын алады. Бір қызды тәрбиелеу - бір ұлтты тәрбиелеу. Қазақта «әйел - Ана», «әйел - жар» деген керемет тіркестер қалыптасқан. Расында, әйел мен ана, қыз бен келін т.б. атаулардың қандай айырмашылығы бар? Қыз баласы - қымбат. Қазына іспеттес. Инжуді қорғайтын сыртқы қабы сияқты, бөтен көзден жаунарымызды гауһарымызды алысырақ ұстайтын қорғанышы болғаны абзал. Ал, ана болу - ортақ. Ана деген мұғалім, ұстаз, үйретуші һәм мейір төгуші, тәрбиелеуші. Ананың тәрбиесі мен мейірімі бәріне ортақ болуы тиіс. Өз баласына деген жүрегінен жарып шыққан сезімінің дәмін барша адам баласы сезінуі өсте дұрысырақ. Қыз деген ақылды, білімді, тәрбиелі, тәкаппар. Өзіне тән тәкаппарлығы бар, көрінгенге көзі түспейтін, етегіне ілмейтін болуы шарт. Білімі терең, ақылы телегейдей, тәрбиесі толымды. Бойына толған тәрбиені айналдасына беруге даяр болғаны абзал. Бірнеше баланың анасы емес, дүйім жұрттың анасы болу әр қызға арналған міндет. Бір қазан сүтті ұйытатын бір қасық айран сияқты, үлкен бір әулеттің дәулеті мен сәулетін қоса түзеп, несібесін көбейтіп, тамырын тереңге жайғызып, айрандай ұйытатын қыз баласы. Ел болу үшін бесікті түзейтін, бір қолымен әлемді, бір қолымен бауырындағы баласын тербететін - әйел адамы. Нәзік жандар. Нәзік гүлдер.

Осы орайда мектебімізде 6 наурыз күні "Қызылағаш негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Халықаралық Әйелдер күні қарсаңында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Сапирова Салтанат "Қыз еркем, анасымен көркем!" атты 5 - 9 сыныптар арасында сайыс өткізді.

Мақсаты - болашақ қыздарымыздың тәрбиелі, өнерлі

болып, анасына қолғанат, инабатты, ибалы, үлкенді сыйлап, кішіні құрметтейтін, көргенді қайтпас қайсар қыздарын тәрбиелеп отырған мейірімді ата - аналардың қыз бен ана арасындағы парасатты тәрбиені насихаттау. Мектебімізден әділқазы алқасы болып мектеп лаборанты - Избасарова Әлия Ануарбекқызы, мектеп психологы - Байзулина Лаура Абылайқызы, ата - аналар комитеті - Тустукбаева Ақылжамал анамыз қатысты.

Құттықтау сөз Избасарова Әлия Ануарбекқызына беріліп, аналық жылы лебізін арнады.

Сайыстың шарттары:

Бірінші айналым - «Отбасындағы бақытты күндер» бейнеролик арқылы отбасылық таныстыру.

Екінші айналым - «Сахна мәдениеті» қатысушы аналар мен қыздардың ұлттық киімімен дефиле көрсетуі.

Үшінші айналым - «Өнерлі Ана - сымбатты!» қатысушы ана мен қызы бойындағы бар өнерін ортаға салды. Сайысқа қатысқанның өзі бір мәртебелі-дегенді осы орайда айтатын шығар. Сайысқа қатысқан отбасылар:

5-сынып оқушысы Әмірзақ Адина мен аяулы анасы Қыдырманова Меруерт ханым.

6-сынып оқушысы Жақыпқызы Маржан мен ардақты анасы Әділбек Бәнигүл ханым.

7-сынып оқушысы Жарқынқызы Айдана мен мейірімді анасы Дәлешқызы Сабира ханым.

8-сынып оқушысы Қазтай Аделья мен ардақты да, аяулы Мешелова Бағлан анамыз.

9-сынып оқушысы Меделханқызы Аяулыммен ақкөңіл де, кішіпейіл Тұрта Гүлфарида ханым қатысты.

Бірінші айналым бойынша отбасы - адам өміріндегі ең маңызды нәрсе. Отбасы қиналғанда қайғыңмен, қуаңғанда қуанышыңа ортақ болатын, аяулы жандар. Отбасының тірегі - сүйіспеншілік, бірлік және сенім. Отбасы жоқ адам, қанатсыз құспен тең. Ал, бірін - бірі сыйлап, бірін - бірі сүйіспеншілікке бөлеп, отырған отбасы бір адам өте бақытты жан.

Біз үлгі тұтарлық отбасымыз. Бұлай деуіміздің себебі, біз әрдайым сыйластықпен және бауырмашылдықпен бірге қиындықты жеңеміз. Біз отбасымыздың осы қалпынан таймай, бақытты ғұмыр кешкенін қалаймыз! - дегенге келтірді. Әр отбасы өзі отбасымен мақтанатындарын айқын көрсетті.

Екінші айналым бойынша дефиле арқылы сұлулардың сымбатын асырған сайыс екені көрермендер көзіне айқын көрінді. Өйткені, ұлттық қамзолдардың әрбір ою-өрнегінде, бедерінде халқымыздың тарихы жатыр. Дәстүрі, салт - санасы сайрап тұр. Құндыз берік. Үкілі көмшат. Моншақты сәукеле. Күміс шолпы. Қос етекті көйлек. Қазақтың ұлттық киімін насихаттауды мақсат

тұтқан көрменің мәні - тереңде. Бұрымы беліне түскен сұңғақ бойлы арулар ұлттық нақыштағы киімдердің түр-түрін киіп, шықты. Дефиле жасады. Оюланған, етегі төгілген көйлектер көздің жауын алады. Қазақ қызына тән бітім мен болмысты айшықтады.

Үшінші айналым бойынша ана мен қызы дайындап әкелген өнерлерімен таныстырды. Марапаттау кезеңі бойынша I орынды жеңіп алғаны үшін 5 - сынып оқушысы Әмірзақ Адинамен аяулы анасы Қыдырманова, II орынды жеңіп алғаны үшін 8-сынып оқушысы Қазтай Адельямен ардақты да, аяулы Мешелова Бағлан анамыз, III орынды жеңіп алғаны үшін 9-сынып оқушысы Меделханқызы Аяулыммен ақкөңіл де, кішіпейіл Тұрта Гүлфарида ханым. «Өнерлі отбасы» - номинациясын жеңіп алғаны үшін 7-сынып оқушысы Жарқынқызы Айдана мен мейірімді анасы Дәлешқызы Сабира. «Мерейлі отбасы» - номинациясын жеңіп алғаны үшін 6-сынып оқушысы Жақыпқызы Маржан мен ардақты анасы Әділбек Бәнигүл ханым марапаттады.

Ұлт тәрбиесінде ұстанымы ерекше ол - қазақ халқы. Қазақ отбасының маңызды қызметтерінің бірі - тәрбие. Ата-ананың міндеті - жас ұрпаққа халқымыздың әдет-ғұрпын, адамгершілік, инабаттылық, адами қасиеттерін сіңіру. Әсіресе, қазақ отбасында қыз баланың тәрбиесі ерекше орын алады. Қазақ халқы қыз баланы ардақтап ұстаған, қатты сөйлеп ұрмаған және тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп қараған. Қыз баланы кішкене күнінен еркелетіп, осы үйдің қонағы деп төрден орын берсе де, пысықтыққа, ширақтыққа тәрбиелеген. Қыз тәрбиесіне аса сақтықпен қараған ата - бабаларымыз еркелете отырып, есіртіп жібермеген. Қыз бала тәрбиесінде ананың орны ерекше. Қыз бала анаға қарап бой түзейді, көп нәрсені анадан үйренеді. Осы орайда «Анаға қарап қыз өсер, әкеге қарап ұл өсер» деген текке айтылмағандай. Басқа ұлтқа қарағанда біздің, қазақ қызының бойынан ізеттілік, ар-ұят, үлкенге құрмет көрсету, үлкеннің алдын кесе көлденең кесіп өтпеу сияқты қасиеттерді байқауға болады. Осындай қыз балаға тән қасиеттерді қызының бойына сіңіретін ең бірінші адам анасы. Қазірде қыз бала тәрбиесі көп талқыланады. Кезінде осылай тәрбиелеген едік, «Қазір қыздар» деген теріс түсініктер қалыптасқан. Өмір сүріп жатқан заманымыз, ортамыз өсер ететін болар. Әйтседе, қыз тәрбиесінде имандылыққа, ибалыққа тәрбиелеуде, бастысы адамдыққа тәрбиелеу, ешқандайда заман ағымына қарамайды.

Тәрбиенің бастауы - ол ата-ананың өз іс-әрекетімен жүріс-тұрысы деп білемін. Біз мың жерден жақсы сөз айтып, құлағына құйып тәрбиелейміз деген бос әурешілік. «Қызға қырық үйден тыйым» болғанмен, оның сана - сезіміне, көзқарасына деген тыйым болмау керек. Қазақта сондықтан болар «Бала берсең сана бер» деп бекерге айтылмаған. Жапон халқында бала тәрбиесінде ешқандай жаман деген сөзді қолданбайды екен. Бізде тек жақсы сөйлеп, жақсы жағымызбен мақтанатын болайық. Ана тілімізде «Қыз» деген сөз бар. Ол - ең қасиетті де құрметті сөз. Қасиетті болатыны - бүкіл адамзат әйелден тарайды. Қыз келін болады, анаға айналады. Одан кейін «әже» деген сөз зор дәрежеге жетеді. Осы арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді.

Етегін жауып елікпеген, Өзгеге мойын бұрып желікпеген. Қыздарының иманды, ибалықпен. Жайдары мінездерін көрсем деп ем, - деп ұлттың айнасы «Қызға қырық үйден тыйым» екенін ұмытпайық.



"Қызылағаш негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" ком м у н а л д ы қ мемлекеттік мекемесінің 8 - 9 сыныптар арасында 26.02.2024 жылы Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» атты пікір алмасу/таным дерек қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Салтанат Саятқызының ұйымдастыруымен сыныптан тыс іс - шара өткізілді.

Бауыржан Момышұлы - батырлық пен батылдықтың, елдік пен ерліктің, тәрбие мен даналықтың символы. Жігіттік намыс, адалдық, шыншылдық сынды қасиеттердің барлығы аты аңызға айналған қаһарман Баукеңнің бір бойына жиналған.

Батыр Бауыржанның халқының қалаулы азаматы болып қалыптасуына өзінің отбасы, «Ұшқан ұясы» көп септігін тигізген. Батыр өз ұясында анасындай болған ақ жаулықты әжесінің мағынасы терең, шындық пен ғажайыптан құралып, адалдық пен зұлымдықты бір арнада тоғыстыра білген ертегісін тыңдап, өнегеге толы өлең - жырларына сусындап, әкесінің асқан с а б ы р л ы л ы ғ ы н , ұстамдылығын өзіне үлгі тұтып, өсиет тұнған сөздерін бойына сіңіріп өскен. Әжесі Қызтұмас пен әкесі Момыштың айтқан ақылдары, ел ағаларынан алған ақ батасы бала Бауыржанның жудырықтай жүрегіне батылдық пен адалдық ұялатты, қанатын құлаш сермеп, биікке самғатты.

Оқушылар осы уақытқа дейін Бауыржан Момышұлының ерліктерімен, оның жазушылығымен сырттай ғана таныс еді. Батырдың «Ұшқан ұя» шығармасы мектебіміздің кітапханасынан қолдарына тиіп, оқыған сәттен бастап олардың бойында еліне деген, шежірелі тарихына, туған тіліне, салт - дәстүріне деген ықыластары артып, құрметтері күшейе түсті. Себебі, бұл шығарма - тәрбиенің ошағы.

Маған пән мұғалімі ретінде аталған шығарманың ерекше әсер еткен тұсы - жазушының әйел теңдігі туралы қалам қозғаған ойлы сөздері. Шынында, әйел үлкен мәселелердің бірі. Біз әйелді адалдықтың айнасы, тазалықтың тұнығы, мейірім мен махаббаттың бергісі деп білеміз. Әйел намысы - ер намысы, барша жұрттың намысы деп, арын аяққа тапталмай қадірлейміз. «Қыз - қонақ» деп қашанда төрден орын беріп, сый-

лаймыз. Алайда, жұрт аузынан шыққан бір сөздің өзі барлық әйел затына өшпес қара таңба болып жабысарын ойламаймыз. Қолмен ұстап, көзбен көрмей жатып өсек сөздің жетегінде кете барамыз.

Бұл сөзге үлкен мысал ретінде айтар болсам, шығармадағы Аққұл мен Бауыржанның көкесі Момышұлының арасындағы болған жағдай. Әңгіме желісі бойынша бір кісі Зәуре мен Момышұлы бірге көргенін айтып, Аққұлдың еліне жеткізіп барады. Қарт шабандоз Аққұл да істің байыбына бармай жатып, Момышұлы топ жігітпен келіп сабап кетеді. Не болғанын түсінбеген Момышұлы Момышұлының жағдайдың ақ-қарасын білу үшін Жарымбет биге төрелік етуін сұранады. Жиынның соңында Зәуре келіп, мұндай үлкен жалаға шыдай алмайтынын, жұбайы Жақсыбаймен ажырасатынын айтып шағымданады. Осылайша Аққұл да, Момышұлы да, Зәуре де нақақтан жабылған жаланың құрбаны болып қала береді.

Дана Бауыржанның шығармасында бала тәрбиесі жайында да сөз қозғалады. Батыр өзінің бір нақыл сөзінде: «Мен өзінің сәбиіне бесік жырын айта алмаған анадан, өз немересіне ертегі айта алмаған ата мен әжеден қорқамын», - дейді. Ра-насында, кішкентайынан анасының әлдилеген ақ үнін, әжесінің шытырманға толы ертегісін тыңдамай өскен адам, тас жүрек, рухани керең деп білемін.

«Ел болам десең - бесігінді түзе» деген дана халқым. Бүгінгі қоғамда өз туған баласынан безінген, тасбауыр аналар мен безбүйрек әкелер көбейіп барады. Аның ақ сүтіне қанбаған, әке махаббатына тоймаған бала қалайша саналы адам болмақ? Сол себепті, ұлт болып қалыптасу үшін, саналы қоғам болып қалыптасу үшін, бесікте жатқан сәби күннен бастап балаға ақ пен қараны, жақсы мен жаманды үйрету - отбасы парызы.

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасы - мен оқыған оқыған шығармалардың ішіндегі ең үздігі. Бұл шығарма - оқыған адамға рухани азық болары анық.

Салтанат САПИРОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ӨРТТІҢ ШЫҒУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ МАҚСАТЫНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАҢЫЗДАР!

- электр өткізгіштердің, ажыратқыштардың және тоқ көздерінің дұрыс жұмыс істеуін қадағалаңыз;
- электр аспаптарын, плиталарды жарамды күйде қолданып, перделер мен жиһаздан алшақ, жанбайтын тіреулерде орналастырыңыз;
- электр аспаптарын бір нүктеге қосуға жол бермеңіз, бұл электр желісінің шамадан тыс қуаттығына әкеп соқтырады;
- қолдан жасалған қыздырғыш электр аспаптарын, қуаттың артып кетуін және қысқа тұйықталуды болдырмау үшін калибрленген ергіш ендіргіштерді және басқа да қолдан жасалған аппараттарды қолданбаңыз;
- үйді жылыту үшін газ плиталарын қолданбаңыз;
- үйден шығарда барлық газ және электр қондырғыларының өшірілгеніне көз жеткізіңіз;
- жылыту маусымы басталар алдында пештерді жөндеуден өткізіп, мұржаларды күл-қоқыстан айында кемінде бір рет тазартып тұрыңыз;
- қатты отын пайдаланатын пеш есігінің астындағы жаңғыш материалдан жасалған еденді өлшемі 50x70 см. кем болмайтын есік алды қағылтырмен қорғаңыз;
- пешке тамызғы ретінде тез жанғыш сұйықтықтарды қолдануға жол бермеңіз;
- пештерді жағуды үйден шығар алдында кемінде 2 сағат бұрын тоқтатыңыз;
- сіріңке мен жандырғыш құралдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз;
- балаларды қараусыз жалғыз қалдырмаңыз;
- төсек орнында темекі шекпеңіз, темекі тұқылдарын балкондарын мен лоджиялардан лақтырмаңыз;
- дайындалып жатқан тамақтың плитада бақылаусыз қалуына жол бермеңіз.
Өрт болған жағдайда «101» телефон соғыңыз құтқару қызметі телефоны «112».

Талғат ЗЕЙНОЛДАНОВ,
аудандық ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау майоры.

ӨРТТЕН АБАҰ БОЛЫҢЫЗДАР!

Өрт – тілсіз жау. Оның салдарынан түрлі қайғылы жағдайлар орын алуға. Әсіресе, жылыту маусымында жеке тұрғын үй секторларында қатты отынмен жағылатын пештерді және электр жылытқыштарды қолдану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау аса маңызды. Пешті орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуына баса назар аудару қажет. Өрттердің жиі шығу себептері пештің қатты қызуынан, қаланған кірпіштерде жарықтардың пайда болуынан, от тұтандыру үшін жанғыш және тез тұтанатын сұйықтықтарды пайдалану нәтижесінен, пеш ауызынан шоқтардың түсіп қалуынан орын алады.

Пешпен жылытуда қауіпсіз және ұзақ пайдалану үшін, келесі талаптарды есте сақтаған жөн: пеш және басқа да жылыту құрылғылары тұтанғыш заттардан алысырақ орналастыруы тиіс, сондай-ақ пеш алдындағы еденге, көлемі 0,5x0,7м қағылтыр орнатылуы қажет. Жанып тұрған пешті бақылаусыз қалдырғаннан жиі өрттер болады. Қатты аяздарда пешті ұзақ пайдалану, оның желкелеген бөліктерінің қатты қызып кетуіне әкеп соқтырады. Егер осы қатты қызып кеткен бөліктері ағаш қабырғалар немесе жиһаздарға тиіп тұрса, өрттен қашып құтылу мүмкін емес. Сондықтан пешті күніне 2-3 рет, 1-1,5 сағаттан гана жағу ұсынылады. Пешке жақын және тікелей оның үстінде, тұтанғыш мүліктер мен материалдарды сақтауға, киім кептіруге болмайды.

Жылыту маусымы алдында,



пештерді және түтін тарту жолдары жағдайының дұрыстығын тексеріп, ыстан тазалап, жарықтары болса, құм-саз сылағын жүргізіп, түтін мұржаларын әктеген жөн. Бөлме пештерінің түтін жолдарына жиналатын күйелерді, үш ай сайын тазалап тұрған жөн. Температураның төмендеуіне байланысты, электржылытқыш құрылғыларын қосу көбейе бастайды, тиісінше электр желісіне күш түседі. Жиі пайдалану салдарынан табиғи ескіруден, жоғары қуатта қолданылған электр желісінің қысқа тұйықталуы, өрттің шығуына әкелуі мүмкін. Сондықтан да өзіміздің және жақындарымыздың қауіпсіздігі үшін барлық талаптарды сақтау қажеттіз. Ең бастысы балаларды қараусыз қалдырмауларыңызды, қауіпсіздік ережелерін үнемі олардың естеріне салуларыңызды, төтенше жағдай орын алған кезде «101», «112» шұғыл қызметтердің телефон нөмірлерін жаттатуларыңызды сұранамыз.

Қателіктер қайталанып, өкініштен бармақ тістемейік десек, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұлжытпай орындауға ықыласты болғанымыз жөн.

АДАМДАРДЫҢ ЖАППАҰ ЖИНАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Адамдардың жаппай жиналатын объектілерінің санаты айтарлықтай көп. Оларға функционалдық өрт қауіп жағынан әртүрлі ғимараттар мен құрылыстар жатады: кинотеатрлар, концерт залдары, клубтар, спорттық ғимараттары, сауда орындары, қонақ үйлер, ауруханалар, қарттар үйлері, білім беру объектілері.

Берілген санат объектілеріндегі өрт қауіпсіздігі бойынша нормативтік құжаттармен адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған талаптар қатаң қарастырылған, сонымен қатар берілген объектілеріндегі өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндетті лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі де жоғары.

Жаппай адамдар жиналатын әрбір объекті алғашқы өрт сөндіру, өртке қарсы қызметті шақырту үшін байланыс құралдарымен қамтамасыз етілу және автоматтандырылған өрт сигнализациясымен, өрт сөндіру және адамдарды құлақтандыру құралдарымен жабдықталуы керек. Эвакуация жолдарына ерекше көңіл бөлу қажет, қаптау материалдарын және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келмейтін еден қаптауын қолдануға болмайды.

Сауда жабдықтары эвакуациялық шығу жолдарына қатар жағалай еркін өту жолдарының ені 2 метрден кем емес қамтамасыз ету ескеріле отырып, орналастырылуы керек. Эвакуация жолдарында және баспалдақ бойында сағат жөндеу пунктері, киосктер, ойын, сауда аппараттарын орналастыруға болмайды.

Өртке қарсы су өткізу жүйесі, яғни өрт гидранттары мен өрт крандары үнемі жұмыс қалпында тұруы керек, жылына екі рет (көктемде, күзде) су жіберуге және жұмыс істеуіне тексерілуі тиіс. Монтаж, баптау, электр құрылғыларын және электр жүйелерін пайдалану, сонымен қатар олардың техникалық жағдайына бақылау орнату электр құрылғыларын орнату ережелерімен және тұтынушылардың электр құрылғыларын техникалық пайдалану ережелерімен сәйкес жүзеге асады.

Өрт қауіпсіздігінің негізгі мақсаты - адамдардың жаппай жиналатын орындарының қызметшілерге және жекеменшіктің жауапкершілікті жағарылату.

Өкінішке орай, бизнестің кейбір өкілдері өрт қауіпсіздігіне тиісті көңіл бөлмейді. Заңға сәйкес кез келген объектіде өрт қауіпсіздігіне жауапты басшы екенін естеріңізге саламыз.

Сонымен қоса басқарушылар және жекеменшіктер персоналды оқытуға қатаң қарау керек, олар өрт болған жағдайдағы іс-әрекетті білу керек.

ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Тұрғын үйлердің өртке қарсы жағдайын талдау олардың қауіпсіз қолданылуы негізінен электр жабдықтары, электр қондырғыларымен құралдарының техникалық жағдайына байланысты екендігін көрсетеді. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірыңғай жалпы әдісі, сонымен қатар электр жабдықтарының өрт қауіпсіздігінің жеке әдісі жану көзінің пайда болу қауіпін, тез жаңғыш ортаның, өрттің таралу жолдарының пайда болуын жоюды немесе шектеуді көздейді. Өрт қауіпсіздігі талаптарымен электротехникалық және жылыту қондырғыларын құру мен пайдалану кезінде орындалатын ережелер белгіленген, оларды орындау өзіңді өрттің пайда болу қауіпінен барынша қауіпсіздендіру мүмкіндігін береді.

Электр құралдарындағы өрт қауіпсіздігі
Электр құралдарын пайдаланған кезде:
- электр қуатын қабылдағыштарды (электр құралдарын) оларды дайындаушы мекемелердің нұсқаулықтары талаптарына сәйкес келмейтін немесе ақаулығы бар болған жағдайларда қолдануға, сонымен қатар зақымданған немесе қорғағыш белгілерін жоғалтқан оқшаулаулары бар электр сымдары мен кабельдерін пайдалануға;
- тегежістердің балқығыш ендіргіштері жанып кеткен жағдайда қолдан жасалған ендіргіштерді қоюға болмайды, бұл барлық электр сымдарының қызып кетуіне, олардың қысқа тұйықталуына және өрттің пайда болуына әкеліп соғады;
- ашық электр сымдарын бояуға немесе үстінен түс қағаз жапсыруға;
- ақаулы ажыратқыштарды, розеткалар мен патрондарды қолдануға;
- электр шамдарын жанғыш материалдармен жабуға;
- жылу реттегіші жоқ немесе ақаулы электр жылытқыш құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

Электр сымдарына мөлшерден тыс салмақтың түсуі, олардың қатты қызып кетуі мен өтпелі қарсылығын болдырмау үшін жоғары қуатты бірнеше электр құралдарын бір розеткаға қосуға болмайды. Жиі түрде өрттің себептері - қосылып, қараусыз қалған электр жылытқыш құралдарының (электр плиталары, су қайнатқыштар, каминдер, үтіктер, грелкалар) жанында орналасқан жанғыш заттардың тұтануы болып табылады. Қосылған электр жылытқыш құралдары жылуы сақтайтын жанбайтын қойғыштарға орнатылуы қажет. Сымдардың оқшауларының кеуіп кетуі мен зақымдалуының алдын алу үшін оларды жылытқыш жерлердің (пештер, түтіндіктер, жылыту батареялары, т.б.) бетімен жүргізуге болмайды.

ЕСТЕРТУ:
Үйден ұзақ уақытқа кеткен кезде балаларыңызды жалғыз қалдырмаңыздар және электр жылытқыш және жарық бергіш құралдардың өшірілгендігін тексеріп, көз жеткізген жөн.

ГАЗДЫ ТҰРМЫСТА ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК



Абонент пәтер ішіндегі газ жабдығының тиісті техникалық жағдайын қамтамасыз етуге міндетті.

Құрметті газ тұтынушылар! Өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігі туралы ойлаңыздар – газ жабдығына уақытылы қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз етіңіздер!

Газды тұрмыста қолданатын халық міндетті:

• Газ аспаптарының, түтіндіктер мен желдеткіштердің қалыпты жұмыс істеуіне бақылау жасауға, түтіндікке газ жану өнімдерін бұратын газ аспаптарын қосқанға дейін және жұмыс істеуі кезінде түтін тартылуын тексеру. Түтіндіктің «қалтасын» мерзімді тазалап отыруға.

• Газды пайдаланып болған соң, газ аспаптарында және олардың алдындағы крандарды жабуға.

• Газ жабдығы жарамсыз болғанда «Горгаз-сервис» ЖШС кәсіпорнының қызметкерлерін шақыртуға.

• Пәтер ішінде газ иісі пайда болған кезде газ аспаптарын қолдануды дереу тоқтатуға, аспаптарға жалғанған және аспаптардағы крандарды жабуға, үй-жайды желдету үшін терезелер мен желкөздерді ашуға, 104 телефоны бойынша апаттық қызметті шақыртуға (газдалған үй-жайдан тыс). От жақпауға, темекі тартпауға, электр жарығы мен электр құралдарды қоспауға және қосулы болса, сөндіруге, электр қондырғыларды пайдаланбауға.

• Газ құбырлары мен газ жабдықтарын тексеру және жөндеу үшін тәуліктің кез-келген уақытында пәтерге газ шаруашылығы кәсіпорнының қызметкерлерін олар қызметтік куәліктерін көрсеткенде кіргізуге.

Халыққа тыйым салынады:

Үйлерді (пәтерлер, бау-бақшадағы шағын үйді) газдандыруды өз бетінше жүргізуге, газ аспаптарының, баллон мен бекіту арматураларының орнын ауыстыруға, алмастыруға және жөндеуге. Кез-келген газ жүйесін құрастыру тек мамандандырылған ұйыммен жүргізілуі тиіс.

• Сәуікесінше ұйымдардың келісімінсіз, газ аспаптары орнатылған орынжайды қайта жоспарлауды жүзеге асыруға.

• Газ аспаптары орнатылған орынжайларды ұйықтау мен демалу үшін қолдануға.

• Газ шығуын анықтау үшін ашық отты пайдалануға (газ шығуды анықтау сабын эмульсиясымен немесе арнайы аспаппен жүргізіледі).

• Түтін мен желдету жүйелерінің құрылысын өзгертуге.

• Екі қабаттан көп қабаттары бар тұрғын ғимараттарының пәтерлерінде баллондарды орналастыруға тыйым салынады.

• Желдету арналарын бітел тастауға, түтіндіктерді тазалауға арналған «қалталар» мен люктерді бітел немесе сылап тастауға.

Газды тұрмыста қолдану Ережелерін бұзған тұлғалар қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Азамат ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.



Жемқорлыққа қарсымыз!



салынды. Айыппұлдар 100% өндірілді.

Басқармада мемлекеттік қызмет көрсету 100 пайыз электронды түрде «Е-лицензиялау» РД порталы арқылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы тіркеліп, қаралады. Бұл жүйе өтініштермен жұмыс жасау процесін цифрландыруға жол ашқан, халықтың мемлекеттік органдарға жүгіну жұмысын жеңілдетіп, өтінімдерді бақылау ісін жетілдіргені анық.

Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі – халықтың өзінде. Сондықтан, ел болып бірлесе атсалысып, жемқорлықтың алдын алу үшін қарсы жұмылымыз қажет және бұл дерттің қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек.

Арна ЕЛУБАЕВА,
аудандық санитариялық -
эпидемиологиялық бақылау
басқармасының заңгері.

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚОҒАМ ДЕРТІ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни, пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және өшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көресетіп берді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсетілген. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтармен айналысуының негізгі себептері мыналар болып табылады:

1. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білім дәрежесінің төмен болуы;
2. Құқық бұзушылыққа немқұрайды қарайтын, қызметтік тәртібі төмен кейбір мемлекеттік органдар;
3. Кейбір мемлекеттік қызметшілердің мемлекет мүддесін емес, өзінің жеке басының жайын күйттеуі;
4. Кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы заң талаптарын орындау жөніндегі жұмысының мардымсыздығы;

Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс - тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу ке-

рек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көрністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үддесінен шығатынымыз сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың белгісімен іс қозғаудың бір негізгі-азаматтардың арызы. Өрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті, Қандай да болмасын «қолы да, жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы құқық қорғау органдары. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, тұрасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік 50 мемлекеттің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Тарихы тереңнен бастау алған сыбайлас жемқорлық бүгінде бүкіл әлем қоғамдастығына қауіп төндіріп отыр. Біздің республикамызда да бұл мәселеге қарсы күрес шаралары тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттің бірінші кезектегі міндетіне айналды.

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Мемлекеттік міндеттерді атқаратын, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүлтік пайда алу үшін олардың өкілеттіктерін өзгеше пайдалану, жеке өзі немесе делдалдан арқылы заңда көзделмеген мүлктік игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз беру арқылы оларды сатып алу сыбайлас жемқорлық болып есептелінеді. Халық арасында жұлын құрт, індет аталып кеткен осы дертті жою толықтай жүзеге аспағанымен, оны ауыздықтаудың, тежеудің сәті кейде түсіп, кейде шарасыздықтың бөлең алатыны да рас.

Жергілікті жерлердегі құзырлы органдармен қоғамдық ұйымдар жұмысының темірқазығына айналып отыр. Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыстықпен күресті күшейту шараларына орай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңдар қабылданды. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.

«Жемқорлыққа қарсы күрес жан - жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз». Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресуіміз қажет.

Қайдар ЖАҒЫПАР,
Қызылағаш ауылдық
мәдениет үйінің музыкалық
жетекшісі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресі мәселесіне қатысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ ол қоғам өмірінде түбегейлі шешімін таппай тұрған күрделі мәселесі болып отыр.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Осы жағымсыз құбылыспен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс - әрекет жасалған жағдайда қандай іс - қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Олар, мысалы, қызмет өкілділігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу,

қызметтік жалғандық жасау, сеніп тапсырылған бөтен мүлкті иеленіп алу немесе ысырып ету, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалды. Сыбайлас жемқорлықтың ең қауіпті түрлерінің бірі – парақорлық.

Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп – тамырларын жою үшін қоғам болып белсенділік танытумен қажет.

Яғни, пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш – жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Д.КИРГАБАНОВ,
Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі
бөлім бастығы, майор.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ – ТАЛ БЕСІКТЕН



Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық заманауи қоғамның өзекті мәселесі болып табылады. Ол үнемі терең зерттеуді, белсенділікті және оған қарсы тұруды қажет етеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе - бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын ла-

уазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін - өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Н.Есеболатов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығы мен коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері осы індетпен күресу жолдарын мектеп қабырғасында насихаттап, «Тәрбие - тал бесіктен»,- дегендей оқушылардың, шағын орталықтағы бүлдіршіндердің санасына сіңірде аянбай еңбек етуде.

Әрине, сыбайлас жемқорлық

дері беріп емдейтін сырқат емес. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қоғам болып қарсы жұмылымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Президентіміз Қасым - Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы індетпен күрес бойынша арнайы кеңес өткізіп, сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін атап өткен болатын. Мемлекет басшысы «заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек», - деп өз сөзінде айтқан.

Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен әрбір қазақстандық азамат мемлекет басшысы айтқан тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті санайды.

Жадыра МОЛБАЕВА,
шағын орталық тәрбиешісі.
Н. Есеболатов ауылы.

ЖАТ ДІН - ҚАРАҒЫ ІН

Зайырлылық - қоғамның рухани дамуының кепілі

Жалпы адамзат тарихына үнілетін болсақ, дін мен мемлекет қатынасын реттейтін тетіктер болған. Солардың ең басында тұрғаны-зайырлылық (лаицизм) – демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет жүйесінің дін құбылысымен қарым-қатынасын реттейтін ұстаным. Біз қоғамда лаицизм терминін зайырлылық ретінде қолданып келеміз. Бұл ұғымның шығу тәркіні талдап қарасақ, сөздік тұрғыдан «діни емес адам», «діни емес зат», «діни емес ой», «діни емес мекеме», «діни емес жүйе», «діни емес ұстаным», тағы басқа да мағыналар келеді.

Зайырлылық - «атеизм» немесе «дінді жоққа шығару емес», керісінше – адамның ар-ождан бостандығына, діни сенім еркіндігіне кепілдік беруді білдіреді. Бұл анықтама «ар-ождан бостандығы», «төзімділік» және «толеранттылық» сияқты құқықтық, моральдық түсініктермен тығыз байланысты.

Зайырлылық-мемлекеттің дінге деген қатынасының демократиялық сипатта екендігін танытады және қоғамның кез келген мүшесіне, оның діні, тегі, нәсіліне қарамастан, әр адамның қандай да бір дінге сену, сенбеу мәселесіне араласпайтын ұстаным. Яғни, бұл ұстаным-адамның ар-ожданының, моральдық болмысының еркіндігіне мүмкіндік беретін, мемлекет азаматтарының арасындағы қарым-қатынасты тек құқықтық негізде шешуді қамтамасыз ететін бүгінгі мемлекеттік басқару жүйесінің ең басты тетігі болып табылады.

Зайырлы елде мемлекет дінге араласпайды деген сөз, дінің иман (сенім), құлшылық, діни оқу және оқыту істеріне кедергі болмайды, сонымен қатар белгілі бір дінің жетегінде де кетпейді дегенге саяды. Сондықтан мемлекет өзінің азаматтарының діни сенімдеріне араласпайды, құрметтейді, бейтарап ұстанымда болады және зайырлы мемлекет діни басшылыққа, яғни діни биліктен тәуелсіз. Оның себебі, республикалық, демократиялық саясатта діни басшылыққа тәуелді

болу, мемлекеттегі тұрақтылық пен тыныштықты баянды етудің кепілі бола алмайды.

Дін көп болған соң, діни басшылар да көбейеді және бір дінің ішінде де көптеген ағымдар мен топтар барын естен шығармағанда жөн. Мәселен біздің мемлекетте заңды тіркелген 18 конфессия болса, 22 экстремистік және террористік деп танылған діни ұйымдар бар. Сондай-ақ қоғамда тыйым салынбаған саясиленген деструктивті діндер, ағымдар да жетерлік. Аталған ұйымдардың әрқайсысының басшылық туралы діни тұжырымдары әртүрлі және қарама-қайшылыққа толы. Егер де аталған ағымдардың бірі билік басына келетін болса, тек бір дінің үстемдігін орнатуға тырысатыны сөзсіз дүние.

Осы себепті мемлекет кез келген теологиялық діни нормалардан азат болады. Себебі теологиялық діни нормалар қанша көп болса, сонша құқықтық ұстанымдар мен оның қызметтік нормалары да қайшылыққа түскен болар еді. Сондықтан мемлекет азаматтарының тыныштық пен татулықта, келісім мен бейбітшілікте бақытты болуы үшін зайырлылық принциптерін ұстанады. Мұраты-азаматтарының ары, намысы-сенімі, жаны және мүлкінің қауіпсіздігіне, амандығына тағы басқа құқықтарына кепілдік беруді көздейді.

Шын мәнінде, зайырлылық-атеистік мемлекет дегенді білдірмейді. Себебі зайырлылық идеология емес, танымдық, болмыстық ағым да емес, құқықтық ұстаным. Ол - мемлекеттік билік пен дін билігінің ажыратылуы. Зайырлылық ұстанымы бойынша мемлекет осы дүниедегі, қоғамдағы, осы әлемдегі нақты құқықтық қатынастарды реттейтін басқару ұстанымы, қоғамның рухани дамуының кепілі болып табылады.

Нұрбол ҚАСЫМБЕКОВ,
Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы.

ОРАЗАДА қалай тамақтану керек?

Рамазан айында ораза ұстаған жан ауызашар мен сәресі уақыттарында денсаулыққа зиянын тигізбейтіндей дұрыс тамақтану тәсілін біле жүрген абзал. Оразада қандай тамақтан бас тарту керек, тағамның қай түрін көбірек қолданған дұрыс оқи отырыңыздар.

АУЫЗ АШУДЫ ҚҰРМАМЕН БАСТАҢЫЗ

Рамазан айында ауызашарға немесе сәресіге ас дайындау кезінде ең алдымен жаңа піскен өнімдерді ғана пайдаланыңыз. Мысалы, жеміс-жидек, көкөніс таңдаған кезде осыны ескеріңіз. Құрма мен суды ауыз ашқанда пайдаланудың бір пайдасы: тағы тамақ жеуден бұрын адамға өзінің азасында қосымша тамаққа деген сұраныстың бар не жоғын анықтауына мүмкіндік туады. Дәрігерлер жүрек ауруларының емі ретінде құрманы көбірек пайдалануға кеңес береді.

СУДЫ КӨБІРЕК ІШІҢІЗ

Ауыз ашқан соң суды көбірек ішу керек. Алайда суды тамақтаным болған соң ішкен абзал. Тамақты да асықпай, аз-аздан жеңіз. Сәресі уақытына дейін бірнеше стақан су ішуге тырысыңыз. Егер су ішуді ұнатпасаңыз айран, қантсыз компот, өсімдік шайларын, минералды су секілді сұйықтықтар ішіңіз.

ТЕЗ ШӨЛДЕТІН ТАҒАМДАРДАН БАСТАРТЫҢЫЗ

Рамазан айында ас мәзіріңізді уақытша өзгертуге тура келеді. Сіз бен біз күнделікті қолданатын тұзды өнімдерден, тұздалған қияр, қызанақ, түрлі тұзды салаттар мен балықтан бас тартыңыз. Оның орнын жеміс-жидектермен, көбірек сумен толықтырыңыз.

АСЫҚПАЙ ТАМАҚТАНЫҢЫЗ

Күнделікті тамақтанудан бас тартқан адам ішкі күйзеліске түседі. Бұл әсіресе, оразаны алғаш ұстаған жандар үшін маңызды. Ауыз ашқан кезде алдымен құрмамен, сумен немесе сорпа, ет қосылған көкөніс тағамы сияқты жеңіл тағамдармен ауызашарды бастау керек. Асқазанға ауырлық қылатын тағамдарды пайдаланудан бас тартқаныңыз



ОРАЗАДА ОСЫЛАЙ ТАМАҚТАНҒАН ЖӨН



дұрыс. Ашығу кезінде адамның жүйке жүйесі, асқазаны тітіркенген жағдайда тұрады. Өлсіреп, шаршап тұрасыз. Сондай кезде бірден қуырылған тамақ жеуге болмайды. Рамазан айында жүйесіз тамақтанған адамдарда әлсіздік, депрессия, асқазан ауруы және ас қорыта алмауы, қан қысымының төмендеуі сияқты көптеген денсаулық проблемалары байқалуы мүмкін. Асығыс тамақтансаңыз асқазаныңыз ас қорыта алмау секілді ауруларға душар болып, Рамазаннан кейін салмақ қосу проблемасына тап боласыз.

ТӘТТІЛЕРМЕН ҚОШТАСЫҢЫЗ

Ас мәзіріңізден тәттілерде (кондитерлік өнімдер, торт, тәтті бөліштер) алып тастаңыз. Себебі бұлар ағзаңызды әлсіретіп, қарныңызды тез аштырады. Рамазан айында тәттілерді көбірек қолдану қан қысымыңызды көтереді. Тек ауызашардан кейін екі-үш сағаттан соң ғана тәттілердің орнына – құрма, кептірілген өрік, мейіз, жаңғақ қолданғаныңыз жөн.

КОФЕНІ ҚОЯ ТҰРЫҢЫЗ

Егер сіз таңыңызды жұмыспен емес, кофемен бастар болсаңыз, Рамазан айында кофеңізді қоя тұрыңыз. Жүйке жүйесі өте сезімтал, жүрегі ауыратын, қан қысымы жоғары, нашар ұйықтайтын адамдарға кофе ішуге болмайды. Шектен тыс кофе ішу организмге зиян келтіреді. Мәселен ұйықтау режиміңіз бұзылуы, кейбір витаминдерді (магний, мы-

рыш, темір) қабылдаулардың қиындауы, қан қысымының жоғарылауы, тіс эмалінің өзгеруі, асқазанда қыжылдың пайда болуы қаупіне әсер етеді.

ТАМАҚТАНУ ТӘРТІБІНЕ МҰҚИАТ БОЛЫҢЫЗ

Әдетте біз күніне үш рет тамақтанамыз. Рамазан айында да осы әдіспен жүріңіз. Ол үшін ауызашардың бірінші бөлігінде – ыстық тағамдарды, екінші бөлігінде майсыз тағамдар мен балықты, ал сәресіде жеміс-жидектерді қолданыңыз. Бұл әдіс сіздің денсаулығыңыз үшін де өте маңызды.

ПАЙДАЛЫ ТАҒАММЕН ТАМАҚТАНЫҢЫЗ

Шайды көбірек ішетін болсаңыз, бұл айда жалғыз шайы мен көк шайды көбірек тұтыныңыз. Сүт өнімдерін (сүт, айран, қатық, ірімшік) жиі қолданған жөн. Сүт, айран, ірімшік, құрт секілді азықтар сапалы протеин, кальций, фосфор, мырыш секілді минералдар мен В6, В12 секілді маңызды дәрумендердің қайнар көзі.

СӘРЕСІГЕ СЕРГЕК БОЛЫП ОЯНЫҢЫЗ

Ол үшін жатар алдында майлы тағамдар қолданбаңыз. Оның орнын жеміс-жидектермен (жүзім, алма, алмұрт, құлпынай) ауыстырыңыз. Жемістер мидың қалыпты жұмыс жасауына және жақсы тынығуыңызға әсер етеді. Сәресі уақытында да күндіз күндіз қарным ашып қалмасын деп тоя тамақтанбаңыз.

ТЕРРОРИЗМ – ғасыр дерті

Терроризм мен экстремизм бүгінгі күні қоғамның өте қауіпті проблемасына айналып отыр. Сондықтан да терроризм мен экстремизмге қарсы күрес пен жасалып жатқан шаралар мемлекеттік көлемдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ең басты мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда халықаралық терроризм қағидатты тұрғыдан жаңа сапаға ие болып отыр. Өздерінің сұмдық әрекеттерін дінмен жамылған лаңкестер жекелеген актілерден бүлік адамзатқа қарсы кең ауқымды агрессия сипатына ие болды. Дін терроризм мен экстремизмге түпкілікті қарсы. Ислам діни адамзатқа түрлі халықтар арасында тыныштық, бірлік, ынтымақ қалыптастыру мақсатында түсірілген. Ислам діни өзіміздікке жол бермейді, Алланың алдында барлық адам тең. Тәңірі басқаларға ісімен де, тілімен де, адамдарды мәмлемен, жарастықта, тату ғұмыр кешуге, бір - бірін қуаттап, қолдауға үндейді. Ислам соғысқа, қан төгіске шектеу қойған. Ол террорға, зорлық – зомбылыққа, бейбіт жандарға күш қолдануға қарсы. Бүгінде әлемнің түпкір - түпкірінде ислам атымен сандаған жазықсыз адамдардың қаны төгіліп жатады. Жалпы террордың ұлты да, діні де жоқ. Мұсылман адамның террорист болуы әсте мүмкін емес. Ислам дінінің терроризм және экстремизммен үш қайнаса да сорпасы қосылмайды. Зұлмдық пен жанкештікке тек діни сауаты жоқ адамдар барады. Олар әлдекімің «мынаны өлтіру керек», «ананы жару керек» дегендерін орындаумен жүргендер. Дінде адам өлтіру арқылы ізгі мақсатқа қол жеткізу деген ұғым мүлдем жоқ.

Террористік актілерді ұйымдастырушылар әлеуметтік желілерді қолданып, өздерінің жақтаушыларын іздейді және лаңкестік әрекеттерді жасауда қолда бар құралдардың кез келгенін қолдануды үгіттеу - де. Олай болса бізде экстремизм және терроризммен күрестің бірден бір жолы – олар туралы уақтылы мәлімет беріп, жастарымыздың рухани дүниелерін қажетті құндылықтармен сусындатып «теріс пиғылда» жүргендерге еріп радикалданудан сақтауда қолда бар барлық мүмкіншіліктерімізді падаланайық. Жеңістің бірлікте екенін үнемі есте ұстайық.

М.АСЫЛХАН,
Б.Сырттанов ауылдық клубының әдіскері.



ТАМАҚТАН УЛАНУ

Тамақтан улану - ауру адамнан сау адамға жұқпайтын, кейбір микроорганизмдердің белгілі бір түрімен жаппай тұқымданған, табиғатты микробты немесе микробсыз, органикалық не органикалық емес уытты заттардың тамаққа түсуінен туындайтын жедел (кейде созылмалы) ауру. Тамақтан улану жедел, аяқастынан басталады. Азық-түлікке аз мөлшерде түрлі уытты заттардың түсуінен болады.

Тамақтан улану 2 топқа бөлінеді: микробты және микробсыз.

Микробты улануға токсикоинфекция, токсикоздар, этиологиясы аралас (микс) жатса, ал микробсызға табиғатынан улы және белгілі жағдайда улылық қасиетке ие өнімдермен болатын улану жатады. Табиғаты микробты және микробсыз тамақтан уланулар санитариялық-гигиеналық және санитарлық эпидемияға қарсы норма мен ережелер қадағаланбауының нәтижесінде туындауы мүмкін.

Табиғаты бактериалды тамақтан улану - белгілі микроорганизмдердің тірі қоздырғыштары немесе олардың тіршілік өнімдерімен (токсиндері) зараланған асты тұтынғаннан кейін туындап, организмнің әлсіз не айқын улану белгілерімен өтетін ауру.

Тамақтан уланудың жалпы сипаты: Олардың пайда болуы ас ішуімен тікелей байланысы; белгілі таралу жолының болмауы; ас қорыту жолының гастроэнтериті; Әлсіз организм улануымен өтеді. Тамақтан улану (К.С.Петровский ұсынысы бойынша) Микробты: Токсикоинфекция, Токсикоз, Микотоксикоз.

Микробсыз: өсімдік текті азықтар, жануар ,улы химиялық заттар.

Ерекшелігі: маусымдылығы айқын, жасырын кезеңі ұзағырақ. Дене қызуы көтеріледі. Ағымы тек қана жедел болады. Бір аспен 2-ші ас байланысты жаппай улану айқынырақ. Летальдылығы төмен.

Микробсыз тамақтан уланудың ерекшелігі: Маусымдылығы жоқ. Жасырын кезеңі қысқа (2 сағатқа дейін). Дене қызуы көтерілмейді. Ағымы жедел және созылмалы болуы ықтимал. Жіі 1-ші және 2-ші аспен байланысты. Жаппай уланудан айқындылығы аздау. Токсикоинфекциялар - микро-

организммен көп дәрежеде тұқымданған (1 мл немесе 1г азықта 10,6-10,7) тағам мен азықтардың тұтынудан туындайтын жаппай кездесетін ауру.

Токсикоинфекцияны тудыратын шартты патогенді микроорганизмдер: Шеш таяқшалары-Е.coli:Протей таяқшасы; Cl.perfringens; Bac.cereus; Микробсыз тамақтан улану. Микробсыз тамақтан улану микробы улануға қарағанда жалпы уланудың 5-10 %-н құрайды. Уланудың бұл тобына өсімдік текті азықтармен, жануар, улы химиялық заттардың тағам құрамына түсуінен туындайтын аурулар жатады.

Микробсыз тамақтан улану түрлері. Улы өсімдік текті өнімдермен, саңырауқұлақтармен, дәнді дақылдың арам шөптерінің улы тұқымдарымен улану (арамшөптік токсикоздар). Белгілі жағдайда улылық қасиетке ие жануар текті азық-түліктермен улану. Тамақтан улану профилактикасының негізгі ұстанымдары. Инфекция көзін оңашалау, тамақтан улануды шақыратын қоздырғыштардың азық-түліктерде тұқымдану жолдарын үзу. Эпидемиологиялық жағынан қауіптілік туғызатын азықтарды заласыздандыру, микроорганизмдердің көбеюі мен токсин түзудің алдын алу.

Тамақтан уланудың профилактикасы

1. Қауіпсіз тамақ өнімдерін таңдаңыз.
2. Тамақты дайындау технологиясын сақтаңыз.
3. Пісірілген тамақты бірден пайдаланыңыз.
4. Азық-түліктерді мұқият сақтаңыз.
5. Алдын ала дайындалған тамақты мұқият қыздыру керек.
6. Шікі және піскен тамақ өнімдерін қатар сақтамаңыз.
7. Қолыңызды жиі жуып тұрыңыз.
8. Ас үйді таза ұстаңыз.
9. Таза суды пайдаланыңыз.
10. Тамақты жәндіктер мен кеміргіштерден аулақ сақтаңыз.

Ас ішу арқылы өзімізге керекті витамин, белок секілді органикалық заттарды тұтынамыз. Бірақ тағамдарымызды пайдаланбас бұрын оның сапасына, құрамына, пайдалану мерзіміне қараған жөн.

АУДАНДЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ - ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ.

АВАЙЛАҒЫЗ - ИЕНІРІҒИҒ



Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі Министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы, мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн.-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үй авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурстар қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz](https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarear-search-web) (<https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarear-search-web>);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімінен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты

қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылғы 21 қазанда №21463 Өділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың өкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы өкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдың біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзінің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдап отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Өділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Мәди ХАЙРБАЕВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы қаладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 87 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 3723 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 9,7 % құрайды.

87 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы - 59, Текелі - 4, Ақсу - 1, Алакөл - 7, Ескелді - 5, Кербұлақ - 5, Көксу - 1, Қаратал - 1, Панфилов - 2, Сарқан - 2. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп - тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған. Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттары пайдалану арқылы да жасалады.

Өлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте» арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар

қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банкітер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектенді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеніз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпаштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни, 3D қорғауды және банкітер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Азамат БЕКЕЕВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департамент бастығының орынбасары, аға өділет кеңесшісі.

Мерекелік бет!

Мырзапейіл дарханым



Наурыз

Көктем басы басталады Наурыздан,
Қар мұз еріп ағып барады жылғадан;
Асылған ет майы құрты қайнаған.
Аңқиды исі сонау алыс қыйырдан:

Ұзынның қысқа жібиде солай үзілген,
Апамның кесте көрмеде гүлі төгілген.
Наурыз айы әр үйден жылу еседі.
Самарқан тасы жібиді солай деседі.

Әз - Наурыз

Берекегі қазақ деген халықпыз.
Біздер сондай қазақ елі жомартпыз,
Қарда жүріп отар малды баққанбыз
Алау жағып қазанға нан жапқанбыз;
Шәй қайнатып! Самаурыннан құйғанбыз:
Қамыр илеп оқтаумен нан жазғанбыз;
Бұзау байлап шіркін сиыр сауғанбыз;
Бие байлап күбіге қымыз құйғанбыз,
Базаға барып қойдың қыйын ойғанбыз:
Құда келсе семіз қойды сойғанбыз:
Қысылмайақ емін - еркін жүретін.
Қазақ деген үлкен жатқан алыппыз!
Наурыз деген берекегі ұлы той:
Бұл мейрамда жиналып бір қалыппыз.
Уа халайық құтты болсын наурыз:
Көк төңірі бар қазақты қолдаңыз.
Бата сұрап алақанды жаямыз!
Аққа тойып, маз боп біздер қаламыз.

Бүгін менің туған күнім

Наурыз деп жаханға жар салайық,
Бүгін менің туған күнім халайық;
Көктем мейрам көктем үлкен ұлы той.
Биде билеп әннен шашу шашайық.
Туған күнде тамаша бір ән салсам,
Туған күн деп тамаша бір жыр жазсам:
Зор еңбекпен әкелген бұл өмірге.
Алтын құрсақ мейірімді жан анам.

Баяғыда қыстаудан Жайлауға көшіп
бара жатып Апам бір шабан атқа мініп қой
айдап бара жатса аты жүрмей қойыпты
атын жетектеп қойды алдына салып жаяу-
дан жаяу жүріп табаны тозыпты сол кезде
шығарған өлеңі.

Мінгенім астымдағы қара қасқа,
Тілдірдіау табанымды қара тасқа!
Ел көшіп жан жағыма қарап тұрсам.
Ешкім жоқ жаяу жүрген менен басқа.
(РАҚИЯ апам, әкемнің анасы)

Майра ЖЫЛҚЫБАЕВА.

Еркенай ҚУАТБЕКҚЫЗЫ.



Ұлттық ойын - рухты ойын

Қазақтың ұлттық ойындарының екі жүзден астам түрі бар дейді зерттеушілер. Соның бірі, бірегейі, әлемге мақтанып көрсетуге тұрарлығы — көкпар. Иә, қазақ халқында ұлттық ойындардың ішінде - көкпардың алар орны ерекше. Көкпар әдетте ер балалардың физикалық шынығуына әсер етіп қана қоймай, олардың бойына жылдамдық, ұтқырлық, табандылық секілді қасиеттерді сіңіріп өсуіне жол ашады. Көшпенділер өзінің мінезін, жаугершілік қырларын, сондай-ақ шабандоз ретінде де өздерін осы ойын арқылы сынап отырған. Көкпар ептілікті шыңдап қана қоймай, ешбір жаттығу арқылы қозғай алмайтын бұлшықеттің де жұмысын жақсартады. Сонымен бірге ойын ауылдастар арасындағы ауызбіршіліктің сақталуына, ауылдың біртұтастығын демеп отыруға септігін тигізген.

Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастырады. Сонымен қатар Көкпар — аттың қалай бапталып үйретілгенін, жүріктігін де сынайтын спорт. Көкпар жаппай және дода тартыс болып екіге бөлінеді. Жап-

пай тартыста әркім Көкпарды өзі иелік етуге тырысады. Дода тартыста құрамы бірдей екі топ сынға түседі.

Біздің ауданда көкпардың осы екі түрі ойнатылады.

Наурыз мерекесін қыздыратынын осы спорт түріне ауыл жігіттері сақадай сай. 20 наурыз «Ұлттық спорт күні» болсып бекітілген. Биыл Ел Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен әлемдік «Көшпенділер ойыны» Қазақстанда өтетіндігі барлығымызды қуанытып тастады. 2017 жылы Астанада өткен Экспо Халықаралық көрмесінде Ұлттық спорт Ассоциациясының ұйымдастырумен алғаш рет көкпар ойынынан Әлем чемпионаты ұйымдастырылды. Әлем Чемпионатында Қазақстан құрамасы бас жүлдені жеңіп алып, қатысушыларына КМС атағы берілгенінен хабардармыз.. Биылғы «Көшпенділер ойынында» Қазақстан мықтылығын тағы көрсетер. «Ұлыс оң болсын», «Ұлттық спорт күні» құтты болсын ақсулық шабандоздар.

Сарқытбек РАХЫМБЕКОВ,
Көкөзек ауылдық мәдениет үйінің директоры.

ФУТБОЛ, ВОЛЕЙБОЛ ЖӘНЕ БАСКЕТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТТЕРІН САҰЛАУ



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

2024 жылдың 15 наурызы, жұма күні Жетісу облысының барлық елді мекендерінде жергілікті тұрғындар арасынан ауылдық футбол, волейбол және баскетбол федерацияларының президенттерін сайлау үшін ауыл тұрғындарының (ерсектер мен балалар) жиындары өтеді. Ауылдық федерациялардың сайланған президенттері сонымен бірге жоғарыда көрсетілген спорт түрлері бойынша ауылдық округ әкімінің кеңесшісі болып саналады. Жиындар кезінде ауылдық округтердегі балаларға доптар таратылады. Өздеріңізді толғандырған сұрақтар бойынша ауылдық округтер әкімдеріне хабарласа аласыздар.

2024 жылдың 29 наурызы, жұма күні аудандық футбол, баскетбол және волейбол федерацияларының президенттері сайланады. Сайланған президенттер өз кезегінде облыстық футбол, баскетбол және волейбол федерацияларының президенттерін сайлайды. Өздеріңізді толғандырған барлық сауалдар бойынша аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөліміне хабарласа аласыздар.

Ескерту: ауылдық, аудандық және облыстық федерациялар президенттерін сайлау барысында спорттық федерациялардағы қоғамдық жұмыстарда тәжірибесі бар үміткерлерге, шаруа қожалықтарының жетекшілеріне, жергілікті кәсіпкерлер мен меценаттарға артқышылықтар беріледі.

Көктемнің атты ақ таңы

Көктемнің атты ақ таңы,
Бүршік жарды-ау бақ тағы
Қарасаң көк аспанға,
Құстар келіп жатқаны...

Қандай ашық нұрлы аспан,
Наурыз тойға жалғасқан
Барша адам бір-бірін
Құшақтасып көріскен...

Көптен күтіп сағынған
Молшылыққа малынған
Наурыз келіп қаламыз,
Қызыл, жасыл тағынған.

Қала менен даламыз
Қандай ғажап қараңыз!
Құтты болсын жаңа жыл,
Айналайын адамдар!

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан
Республикасы
Инвестициялар және
Даму Министрлігі
Байланыс,
ақпараттандыру
және ақпарат
комитеті 2015 жылғы
16 қараша айында
есепке қойылды. Күзлік
№15701-Г

Газет бетінде жарияланған
мақалалар авторының пікірі редакция
көзқарасы болып табылмайды.
Мақалалар өңделеді, авторға
қайтарылмайды.
Жарнама, хабарландырулар, арнау,
құттықтаулардың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,
жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 2501

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.